



«ӨМІР – КЕРУЕН»

7-БЕТ | ЗЕРДЕ



МЕЙІРІМІ МОЛ МЕДБИКЕ

8-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



«ШАРАПАТ» ШУАҒЫ

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан адамзаттың ортақ жеңісіне, жер бетінде әділдік пен бостандықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты. Аға буынның Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлігі мен еңбегі өскелең ұрпақ үшін қайсарлықтың, жанқиярлықтың және отаншылдықтың озық үлгісі болып қалатыны сөзсіз. Бүгінде біз ұлтымыздың қаһарман ұл-қыздарының арқасында алаңсыз еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, жарқын болашаққа қадам басып келеміз. Сол үшін оларға мәңгі қарыздармыз.

№56  
(4644)  
Сенбі  
11 мамыр  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЖЕҢІМПАЗДАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойып, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті. Содан кейін Президенттік оркестр Мемлекеттік әнұранды орындап, Құрмет қарауылының ротасы іс-шараға қатысушылар алдынан сап түзеп өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев гүл қою рәсіміне жиналған жұртшылықпен жүздесіп, ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтады.



Астанада Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған спорт фестивалі өтеді.

«Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Қорғаныс министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен 26 мамырда Триатлон саябағында өтетін іс-шарада жүгіру, арқан тарту, асық ату, кір тасын көтеру және басқа да ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылады. Сонымен қатар көпшілік алдында Қорғаныс министрлігінің және Ұлттық ұланның ән-би ансамбльдері өнер көрсетеді.



13-18 мамыр күндері Астанада өтетін «Елорда кубогы» турниріне 9 елдің боксшылары қатысады.

Дәстүрлі халықаралық жарысқа Қазақстан ұлттық құрамасының бірінші, екінші және үшінші нөмірлі боксшылары түгелдей қатысады. Париж ойындарына жолдама алған Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (57 келі), Асланбек Шымбергенов (71 келі), Нұрбек Оралбай (81 келі), Айбек Оралбай (92 келі) және Қамшыбек Қоңқабаев (+92) үшін бұл турнир олимпиада алдындағы соңғы дайындық жарысы болмақ.

## ЭЛЕКТР ҚҰНЫ АРЗАНДАЙДЫ

Елордада 1 маусымнан бастап бизнес өкілдері үшін жарық 18 пайызға арзандайды.

Ұлттық экономика министрлігінің мәлімдеуінше, «Астанаэнергосбыт» компаниясы заңды тұлғалар үшін электр қуатының тарифін түсірді.

Қолданысқа енетін тариф 1 кВт/сағатына 38 теңге 35 тиыннан – 31 теңге 45 тиынға төмендейді. Яғни, 6 теңге 9 тиынға арзандайды.

«Бұл тариф барлық кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты болады. Яғни, ірі, шағын және орта бизнес өкілдері де осы бекітілген тариф құнымен төлейді. Сондай-ақ барлық кәсіпкерлік субъектілеріне бірыңғай тариф жүйесі енгізіледі» деді Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Қанат Құназаров.



## ТАРТЫМДЫ ҚАЛА – ТАБЫСТЫ

Бүгінгі таңда Астана қаласының экономикалық белсенді тұрғындарының 74 пайызы шағын және орта бизнеспен қамтылған.

Қала экономикасының 60 пайыздан астамын шағын және орта бизнес нысандары қалыптастырып отыр. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Елордада кәсіпкерліктің қарқынды дамуына мемлекеттік бағдарламалар да едәуір үлес қосуда.

Астанада экономиканың екінші тынысы саналатын инвестиция тартуға да айрықша маңыз берілген. Мәселен, өткен жылы елордаға 1 трлн 631.1 млрд теңге деңгейінде рекордтық инвестиция тартылған.

6

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДАМУ БАҒЫТЫ  
ДҰРЫС БІРЛЕСТІК

Мемлекет басшысы саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және қонақжайлық танытқаны үшін Ресей тарапына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді Ресей Федерациясының Президенті лауазымына ресми түрде кірісуімен құттықтады.

Қазақстан Президенті осыдан он жыл бұрын Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы тарихи шартқа қол қойылғанына назар аударды. «Салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде біздің Одақ халықаралық кеңістікте өзіндік орны бар маңызды әрі перспективті интеграциялық бірлестікке айналды. Ортақ күш-жігердің арқасында мыңнан астам түрлі нормативтік құжат қабылданды. Онжылдықтың макроэкономикалық қорытындысы бірлестігіміздің таңдаған даму бағыты дұрыс екенін көрсетті. Қазақстанның одаққа мүше елдермен сауда айналымы 1,7 есе артып, 28,5 миллиард долларға жетті. Ал экспорты 2 еседен астам өсті. Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ынтымақтастық Қазақстан экономикасының қарқынды дамуына ықпал етеді. Тек өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздің жалпы ішкі өнімі 5,1 пайызға артты. Біз мұны жақсы нәтиже деп санаймыз» деді Қазақстан Президенті.

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ  
ШЕШУ КЕРЕК

Мемлекет басшысының пікірінше, ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп іске асыру, өнеркәсіптік кооперацияны ілгерілету және қызметтердің ортақ нарығын қалыптастыру арқылы жоғары деңгейдегі өзара интеграциялық ықпалдастық нығая түседі. Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық геосаяси тұрақсыздық жағдайында одан әрі орнықты даму үшін бірлестік неғұрлым икемді және тиімді болуға тиіс деп санайды. Сондай-ақ Президент Дүниежүзілік банктің есебін мысалға келтіріп, қазіргі онжылдықтың бірінші жартысындағы әлемдік жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны соңғы 30 жылдағы ең төменгі көрсеткіш болуы мүмкін екенін айтты. «Егер халықаралық қауымдастық пәрменді шаралар қабылданса, аталған кезең «мүмкіндікті мүлтік жіберген онжылдық» ретінде тарихқа енуі ықтимал. Бұл жаһандық экономиканың ажырама бөлігі саналатын Еуразиялық экономикалық одақ үшін де зор сын-қатер болары сөзсіз. Біз барлық резервті пайдалана отырып, Одақты құру кезінде жүктелген міндеттерді шешуіміз керек. Ең алдымен, бұл жерде Экономикалық одақтың іргелі қағидатын, яғни тауарлар қозғалысының еркіндігін іске асыру туралы айтып отырмыз. Бізге шын мәнінде біртұтас әрі жүйелі жұмыс істейтін кедергісіз ішкі нарық құру қажет. Жасырын шектеулерді, «нақты жағдайға байланысты шешімдерді» және қолмен басқарудың кез келген түрін қолдану тәжірибесін толықтай жою маңызды. Бұл Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының сөзсіз басымдығы болуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

СЫРТҚЫ САУДАНЫ  
ҚАЙТА ҚҰРСАҚ ҰТАМЫЗ

Мемлекет басшысы «сыртқы сауданы қайта құру» ісін тағы бір негізгі міндет ретінде атап

ТИІМДІ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ  
ОН ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеуде өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына және мерейтойлық саммитіне қатысты. Алқалы жиында ЖЕЭК-ке мүше мемлекеттердің басшылары Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы ықпалдастықтың маңызды міндеттері мен негізгі бағыттарын талқылады. Сондай-ақ ЕАЭО қызметінің жекелеген аспектілері жөнінде пікір алмасты. Саммитке Қазақстан Президентімен қатар, Армения Премьер-министрі – ЖЕЭК төрағасы Никол Пашинян, Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

теміржол саласын дамыту ісі бірыңғай цифрлық экокүйені құру арқылы тың серпін алады. Сондай-ақ келесі жылы теміржол тасымалы саласында жасанды интеллект элементтерін пайдалануды көздеп отырмыз. Озық технологияларды қолдану тасымал тиімділігін айтарлықтай арттырып, өзіміздің және серіктестеріміздің шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл тариф саясаты мен кеден рәсімдерін үйлестіру, сондай-ақ Еуразияның бірыңғай цифрлық дәлізін құру арқылы тұтас логистика желісін қамтамасыз ету үшін керек. Нақты шара ретінде тауармен бірге жіберілетін құжаттардың бәрін QR-кодтар арқылы қашықтан тексеру және цифрлық құжаттарды өзара тану механизмін енгізуді ұсынамыз» деді Мемлекет басшысы.

ӨНЕРКӘСІПТІК  
КООПЕРАЦИЯҒА –  
ДӘЙЕКТІ САЯСАТ

Қазақстан Президенті өнеркәсіп саласындағы кооперацияны тереңдетуді келесі басым міндет ретінде атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде «Еуразиялық бестікке» кіретін елдер экспортының 90 пайызға жуығы аралық тауарлардан құралған. «Жаһандық технологиялық прогресс жағдайында өндірілетін өнімнің «күрделілігіне» мән беру – өте өзекті мәселе. Сондықтан экономиканың нақты секторындағы технологиялық интеграцияны күшейтеу қажет. Өздеріңізге мәлім, биылдан бастап Еуразиялық экономикалық одақ бюджетінің қаражаты есебінен өнеркәсіп саласындағы кооперациялық жобаларға қаржылай қолдау көрсетіледі. Жоғары деңгейде өңделген тауар өндірісін жолға қойып жатқан озық технологиялық кәсіпорындарға қолдау көрсету керек. Әрине, қаржыландыру көздеріне бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етудің ашық механизмін қалыптастыру – маңызды міндет. Қазақстан өз тарапынан Еуразия кеңістігіндегі өнеркәсіп кооперациясын дамытуға бағытталған дәйекті саясатын жүргізе береді. Қазіргі таңда Одаққа мүше елдер 150-ден астам индустриалдық жобаны жүзеге асырып жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұнай-газ химиясы саласындағы ынтымақтастықтың перспективасы зор екеніне тоқталды. Бұл сала экономикалық өсімге тың серпін бере алады. «Ресейлік серіктестердің қатысуымен по-



өтті. «Бірлестігіміздің жаһандық нарықтағы орнын нығайтуға мүмкіндік мол екені анық. Еуразиялық экономикалық комиссияға Одақтың сыртқы контурдағы әлеуетін нығайту мақсатында жүйелі шешімдер әзірлеуді тапсыруды ұсынамын. Еуразиялық өнімді шетелдік нарыққа неғұрлым белсенді шығару үшін тиісті жағдай жасау қажет. Тауарды үшінші елдерге кедергісіз тасымалдау ісін қамтамасыз ету өте маңызды. Әлемдік экономиканың трансформациясы аясында Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші елдермен еркін сауда туралы келісімдер желісін кеңейтудің мәні зор. Бұл экспорттаушыларымыздың жаңа нарықтарға шығуын барынша жеңілдетуге, оларды өңірлік және жаһандық өндірістік тізбектерге қосуға мүмкіндік береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, Қазақстан Монғолиямен уақытша сауда келісімін жасау жөніндегі келіссөздерді бастау туралы шешімді қолдады. Оған қоса Азия, Африка және Таяу Шығыстағы жылдам дамып келе жатқан елдермен ынтымақтастықтың перспекти-

васы зор. «Әлемдік жалпы ішкі өнімнің қазіргі 60 пайыздық өсімі тек Азияға тиесілі болады деген болжамды ескерсек, Жаһандық Оңтүстікпен арадағы кооперация ерекше қызығушылық туғызады. Қазақстан сияқты Парсы шығанағының нарығына шығу үшін Экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді Халықаралық көлік дәлізін құру жөніндегі Ашхабад келісіміне қосылуға шақырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

КЕШЕНДІ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ  
ШЕШІМДЕР КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысының пайымдауынша, сыртқы нарықтармен байланыстыратын орнықты көлік жүйесінің болуы ұзақмерзімді интеграцияны жолға қоюдың негізгі шарты болып қала береді. «Бүгінде Еуразияның көлік құрылымы Еуропа мен Азия, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы тиімді сауда байланысын қамтамасыз етіп отыр. Алайда алдағы онжылдықтарда Еуразия аймағындағы инфрақұрылымның тозғаны анық сезіле бастайды әрі оны жаңарту қажеттілігі арта түседі.

Сондықтан көлік және логистика инфрақұрылымдарын жаңғырту және кеңейту – маңызды мәселе. «Рель төселген жерде жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады» деп бекер айтылмаған. Сол себепті Қазақстан 2030 жылға дейін 11 мың шақырым теміржолға жөндеу жүргізіп, жаңадан 5 мың шақырымнан астам теміржол салуды жоспарлап отыр. «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасы аясында Қытайдың Сиань қаласында Қазақстанның терминалы бой көтерді. «Қытай – Еуропа» бағытында контейнер арқылы тасымалданатын жүктің 40 пайызына дейін сол жерде жинақталады. Сонымен қатар Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан шекараларында және Каспий теңізінде 5 трансшекаралық көлік-логистика хабын іске қосу жоспарланып отыр» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің барлық аумағындағы халықаралық автомобиль өткізу пункттері жаппай жаңғыртыла бастағанын айтты. Осынау кешенді инфрақұрылымдық шешімдер Еуразия күре жолдарын одан әрі бір-бірімен ұштастыруға және мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді. «Қазақстанның

липропилен, полиэтилен және бутадиен шығаратын жоғары технологиялық зауыттар салып жатырмыз. Бастапқы шикізаттың бағасынан 20 есе асып түсетін, үшінші деңгейде өңделетін өнім шығару жолға қойылады» деді Қазақстан Президенті.

АЗЫҚ-ТҮЛІК  
ҚАУІПСІЗДІГІ – НАЗАРДА

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуды ынтымақтастықтың тағы бір маңызды бағыты деп санайды. «Еуразия құрлығы әлемдегі өндірістік-ресурстық және экспорттық әлеуеті өте мықты аймақтардың бірі екені баршаға мәлім. Әлемде халық саны өсіп, басқа макроөңірлерде ресурстар шектеулі болған жағдайда 600 миллионға жуық адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз бар. Бұл ретте Одақтың жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіндегі рөлі тек күшейе түседі. Біздің стратегиялық мақсатымыз – агроөнеркәсіп кешенін жоғары технологиялық салаға айналдыру. Ол үшін жасанды интеллект, роботты техника, биотехнология және аграрлық ғылым салаларына негізделген серпінді инновациялық технологияларды енгізу жөнінде келісілген шаралар қабылдау өте маңызды» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінде табысты цифрлық трансформация тек жекелеген елдердің ғана емес, бүкіл өңірдің экономикалық дамуы мен технологиялық дербестігін айқындайтын факторға айналып отыр.

«Бізге жаһандық деңгейдегі «цифрлық бәйгеде» лайықты орын алып, алдыңғы қатарда болу маңызды. Цифрландыру саласындағы ынтымақтастық интеграциялық бірлестікті орнықты дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс. Сондықтан Қазақстан жаппай цифрландыру жағдайында Одақтың «төрт еркіндік» қағидатын дамыту жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссияның бастамасын қолдайды. Осы ретте біз жасанды интеллектке баса мән бере отырып, аймақта барынша жылдам дамып келе жатқан цифрлық экономикалардың бірін құрамыз» деді Мемлекет басшысы.

## ӘЛЕУЕТІ ЗОР ҰЙЫМ

Қазақстан Президенті сөзінің соңында ЕАЭО құрылғаннан бері 10 жыл ішінде Одаққа мүше мемлекеттер барлық бағыт бойынша таңқаларлық нәтижеге қол жеткізгенін атап өтті. Сондай-ақ ұйымның әлеуеті зор екенін ескере отырып, әлі де көп жұмыс істеу қажеттігіне назар аударды. Оның пікірінше, Қазақстан тең құқықтық және өзара тиімді серіктестік қағидаттарына негізделген экономикалық интеграцияны қолдайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мүмкіндікті пайдалана отырып, жиынға қатысушыларды келе жатқан Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады. Қазақстан Президентімен қатар саммитке Армения Премьер-министрі – ЖЕЭК төрағасы Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, сондай-ақ бақылаушы мемлекеттердің басшылары – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудес, сондай-ақ ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар құжат қабылданды.



## ӘСКЕРИ ПАРАДҚА БАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жеңістің 79 жылдығына орай Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен әскери парадқа барды. Сондай-ақ Белгісіз жауынгердің бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

Парадты Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Ресей Президенті Владимир Путинмен қатар Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Прези-

денті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев,

Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудес, Лаос Президенті Тхонглун Сисулит, Гвинея-Бисау Президенті Умару Сисоку Эмбало тамашалады.

## АРДАГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтады. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Ардагерлерді Жеңіс күнімен құттықтадым! Олардың ерлігінің, жанкештілігі мен қайсарлығының арқасында елімізде тыныштық пен береке орнады. Мемлекет басшысының атынан Раиса Егоровнаға III дәрежелі «Айбын» орденін табыстадым. 1944 жылы Раиса Егоровна өз еркімен майданға аттанған. Румынияны, Венгрияны, Бесса-

рабияны азат етуге үлес қосқан. Ал негізгі Жеңіс күнін Будапешт қаласында атап өтті. Раиса Егоровна келер жылы 100 жасқа толады. Жақан Сейсебаев 17 жасында әскерге шақырылған. Беларусь жерін азат етуге қатысып, құпия бөлімде нысанашы болды. Жақан Сейсебаев та келер жылы 100 жасқа толады. Қатал тағдыр Ұлы Отан соғысының

әрбір ардагері мен қатысушысын ешқашан қайыстырмаған. Олардың қиындыққа толы өмір жолы кейінгі ұрпаққа қашанда үлгі болмақ. Біздің борышымыз – оларға құрмет көрсету, ерліктерін еске алу. Жеңістің 79 жылдығы құтты болсын! Ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне зор денсаулық, амандық тілеймін!» деп жазды Ж.Қасымбек.



## ДАҢҚТЫ ҰШҚЫШТЫҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың қатысуымен Қазақстан әуе қорғанысы күштерінің Талдықорғандағы авиабазасына Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің атын беруге арналған салтанатты іс-шара өтті. Салтанатты жиынға министрмен бірге Халық қаһармандары қатысып, батыр рухына тағзым етті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен отырысында әйгілі ұшқыштың есімін жұрт жадында жаңғырту үшін авиабазаны оның атымен атауды ұсынған болатын. Сергей Луганский соғыс жылдары 390

рет әуеге көтеріліп, жеке өзі жаудың 37 ұшағын, ал топтық шайқаста 6 ұшақты атып түсірді. Ол әскерге Алматыдан аттанып, запасқа шыққан соң осында қайта оралды. Сондықтан Сергей Луганскийдің есімі берілген авиабаза оның туған қаласы-

ның аспанына қорған болады. Мұның символдық мәні бар. Қазақстанда батырлардың есімі ешқашан ұмытылмайды. Бүгінгі іс-шара – соның айқын дәлелі» деп жазды бұл турал телеграмдағы парақшасында ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин.

## БАТЫРЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТТІ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Жеңіс күніне орай қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың ескерткішіне гүл шоғын қойып, соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етті.

Іс-шараға еңбек және күштік құрылымдардың ардагерлері, әскери қызметшілер мен Сенат депутаттары қатысты. «Әлия Молдағұлованың ерлігі – жас буын үшін қашанда үлгі. Ол небәрі жиырма жасында қаһармандығымен танылды. Біз елімізде бейбітшілік пен келісім сақталып, жерімізде ешқашан соғыс болмауы үшін жұдырықтай жұмылуымыз қа-

отандасымыз тылда күндіз-түні еңбек етті. Мұның бәрі Жеңісті жақындатуға қосылған үлкен үлес екені анық. Сондықтан Отан үшін опат болғандардың ерліктерін ұмытпай, оны дәріптеу біз үшін аса маңызды» деді Мәулен Әшімбаев. Палата Спикері бір топ депутатпен бірге соғыс ардагері Рзағұл Байкешевті Жеңіс күнімен құттықтады. Ақсақал

ерліктің озық үлгісін көрсетті. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Майдангерлерге құрмет көрсету, аталарымыз бен әкелеріміздің рухына тағзым ету – біздің перзенттік парызымыз. Біздің бүгінгі бейбіт өміріміз бен тыныштығымыз, бірінші кезекте, Сіздердің ерліктеріңіздің нәтижесі. Мұның бәрі өскелең ұрпақ үшін әрдайым үлгі-өнеге болып қала



жет. Осы жолда ел болып еңбек етуіміз керек. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша қазір елімізде Жеңіс күніне арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Соғыс кезінде бір миллион екі жүз мың қазақстандық майданға аттанды. Олардың жартысы елге оралған жоқ. Жеті жүз мыңнан астам

1923 жылы туған. Соғыс кезінде ол Калинин облысында, Рыжов, Великий Луг қалаларындағы шайқастарға және Польша, Румыния, Венгрияны азат етуге қатысқан. Ерлігі үшін Отан соғысы орденімен, маршал Г.К. Жуков медалімен және басқа да наградалармен марапатталған. «Соғыс жылдарында аға буын ерен

береді. Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «Айбын» орденінің үш дәрежесін даңқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың атымен атау туралы заң да соны көздейді» деп Сенат төрағасы ардагерге елдің ізгі тілегін жеткізді.

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына орай Мәншүк Мәметованың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. «Ақжайық» саябағында орналасқан монументке гүл шоқтарын қою рәсіміне Парламенттегі фракция жетекшілері мен қала тұрғындары қатысты. Олар ерлікпен қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алып, тағзым етті.

Аға сержант және пулеметшілер тобының командирі Мәншүк Мәметованың елордадағы ескерткіші 2018 жылы ашылды. Қазақтың даңқты пулеметшісі 19 жасында өз еркімен майданға аттанған. Ол 21-атқыштар дивизиясы мен 100-атқыштар бригадасының құрамында шайқасты. 1943 жылы қазанда Невель түбіндегі шайқаста ерлікпен қаза тауып, Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Жеңіс күнін мерекелеу аясында Рейхстагқа ту тіккен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты. Соғыс жылдарында қаза тапқан жауынгерлер мен бейбіт өмірге оралып, бүгінде марқұм болған барша ардагерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. «Адамзат тарихындағы ең

сұрапыл соғыста қазақстандықтар да теңдессіз ерлік пен ерен еңбектің даңқты үлгісін көрсетті. Ұлы Жеңіс қаһармандарының арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт елде өмір сүріп, кемел болашаққа нық сеніммен қадам басып отыр. Айбынды батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Сағадат Нұрмағамбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова,

Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов сынды басқа да көптеген отандастарымыздың майдан даласындағы ерліктеріне мәңгі тағзым етеміз. Халқымыз туған жерімізді қорғап қалған соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің есімдерін әрдайым ұлықтай бермек. Баршаңызға мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат тілеймін. Аспанымыз ашық, еліміз аман болсын!» деді Олжас Бектенов.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Талғат Бигелдиновтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ескерткіш 2021 жылы Астана қаласындағы Сарыарқа даңғылы мен Талғат

Бигелдинов көшелерінің қиылысында бой көтерген болатын. Жиынға қатысушылар Жеңіс жолында ерлікпен шайқасқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебаев қа-

зақ халқының ұлы перзенті Бауыржан Момышұлының ескерткішіне гүл шоғын қойып,

майдан даласында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің рухына тағзым етті.

№56 (4644) 11/05/2024 Сенбі

## АРДАГЕРГЕ – ТАҒЗЫМ



Астананың Байқоңыр ауданында Ұлы Отан соғысы ардагері Михаил Григорьевич Куликтің мемориалдық тақтасы ашылды.

Ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, қалалық Қорғаныс істері департаментінің басшысы Айдын Сағынбек, Ұлы Отан соғысы ардагері Михаил Куликтің қызы Валентина Кулик және қала тұрғындары қатысты.

«Тарихты есте сақтау, бүгінгі күнмен өмір сүру және жарқын болашақты құру – біздің азаматтық парызымыз. Сол себепті баршаңызды Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын! Әр отбасында тек бейбітшілік болсын. Өскелең ұрпақ біздің ата-бабаларымыз көрген қиындықты көрмей өссін. Ата-бабалардың ерлігін жадымызда мәңгі сақтауымыз қажет. Өйт-

кені өз тарихын сыйламаған ұлттың – болашағы жоқ» деді қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Мемориалдық тақтаны салтанатты түрде қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов пен Михаил Куликтің қызы Валентина Кулик ашты.

«Бүгінгі іс-шара – өте маңызды. Өйткені ардагердің қаламызға тигізген еңбегі өте зор. Соғыстан кейін ол осы қалада еңбек етті. Михаил Кулик – 2004-2023 жылдар аралығында алғашқы тың игерушілердің бірі. Ол 1926 жылы дүниеге келіп, 1943 жылы соғысқа аттанды. Соғыс ардагері 2 мәрте Отан орденінің иегері, Қызыл Жұлдыз орденінің иегері атанды. Сол ерлігімен бүгінде елге танымал болды. Михаил Григорьевич сондай жақсы адам еді. Ардагерлер кеңесінде өтетін әр іс-шараның басы-қасында жүретін. Өкінішке қарай, былтыр Михаил Кулик қайтыс болды» деді Астана қаласының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов.

Салтанатты рәсімнен соң Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония оркестрі жиналған қауымға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

## АНАЛАР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



Елордадағы «Достық үйінде» Аналар күніне арналған іс-шара өтті.

Аталған іс-шараның мақсаты – ананың қоғамдағы, отбасындағы, жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін айқындап, отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы Қазақстан жастару қоғамдық қорымен бірлесіп ұйымдастырған дөңгелек үстелге белгілі медиаторлар мен психологтар, басқа да қоғам белсенділері және жастар қатысты.

Іс-шараның модераторы Роза Бекішева аталған күннің тарихын таныстырып өтті.

«Аналар күні біздің елімізде 2012 жылдан бастап аталып өтіп жүргенмен, биыл халықаралық мереке ретінде бірінші рет тойланып отыр. Бұл күн мамырдың екінші жексенбісінде аталып өтеді, биыл 12 мамырдың күнімен сәйкес келіп отыр. Аналар күні – БҰҰ-ның халықаралық ұйымы мойындаған

мереке. Ол көптеген елдерде тойланады. Биыл осы мейрамды атап өтетін елдерге Қазақстан да қосылды. Бұл мерекенің тарихы Америкадан бастау алған. Яғни, 19-ғасырда АҚШ-та пайда болды» деді Р.Бекішева.

Алғашқы сөз кезегін алған Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова аталған күннің мән-маңызына тоқталды.

«Қазақстан – отбасына қатысты түрлі халықаралық келісімдер мен шарттардың, жалпы алғанда, гендерлік саясатты белсенді түрде жүзеге асырушы мемлекеттердің бірі. Қазақстан – ежелден Орталық Азия аумағындағы, бәлкім, әлемдік кеңістіктегі ана тұлғасына философиялық көзқараста болған мемлекет. Бұған түрлі мақал-мәтелдер мен күні бүгінге

дейін қолданылып жүрген терминологиямыз дәлел. «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен ана қай салада да белсенді екенін» айтуымыз керек. Бұл сөз қазақтың әу бастан отбасындағы ананың рөліне ерекше мән бергенін көрсетеді. Өйткені бала тәрбиесі анандан басталады.

Сол сияқты «ана тілі» дейміз. Өйткені бала, ең бірінші, ана тілінде сөйлейді. Осы сөздердің, осы тіркестердің мағынасына бойласақ, философиялық ой-толғаныстарға тереңдей түсер едік. Бірақ негізгі мәні кез келген отбасында, кез келген жүйеде, кез келген елде ананың рөліне баға жетпейтіндігінде» деді Л.Құсайынова.

Алғасөздерден соң заңгерлер мен медиаторлар және өзге де қоғам белсенділері ана мен отбасы мәселелері төңірегінде ой өрбітіп, осыған қатысты қоғамдағы проблемаларды шешу жолын талқылады.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

## ҮЗДІК ПОЛИЦЕЙЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығы қарсаңында елордалық полиция департаментінде салтанатты іс-шара өтті.



Іс-шараға жеке құрам, ішкі істер органдарының ардагерлері қатысты. Астана қаласы полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев қатысушыларды мерекеленіп құттықтады.

«Қай заманда болсын Отанды қорғау – әр адам баласы үшін қасиетті парыз. Құқықтық тәртіпті қорғаушылардың қазіргі ұрпағы халқымыздың өткен дәстүрлерін сақтай отырып, қылмыспен күреседі, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау бойынша адал қызмет атқарады» деп атап өтті елордалық полиция басшысы.

Мереке қарсаңында қызмет атқару кезінде ерекшеленген қызметкерлер ҚР Ішкі істер министрінің бұйрығымен, сондай-ақ елордалық полиция депар-

таменті бастығының бұйрығымен қызметтік борышын адал орындағаны үшін дәстүрлі түрде марапатталды. Олардың қатарында патрульдік полиция полкінің инспекторлары, аға лейтенанттар Евгений Казаков пен Айбек Дүйсенов «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. ҚР ІІМ Құрмет грамотасымен айдауылдау қызметі взводның полицейі, старшина Анар Бакетова, ПД грамотасымен мамандандырылған күзет қызметі басқармасы тыймен қамтамасыз ету бөлімшесінің полицейі жүргізушісі старшина Махсұт Темірбеков, ҚР ІІМ грамотасымен патрульдік полицияның мамандандырылған батальоны қызмет аға инспекторы полиция капитаны Дамир Әміренов, ПД бастығының бұйрығымен ардагерлер кеңесінің мүшелері Аманғали Икласов, Сафар Қолдыбаев және Нұрпейіс Әлімқұлов бағалы сыйлық қол сағаттарымен марапатталды.

Астананың Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен Отан қорғаушылар күніне орай колледж студенттері арасында алғаш рет әскери-патриоттық сайыс ұйымдастырылды.

## ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ САЙЫС



Елордадағы ең көп 16 колледж ошағы орналасқан аймағында спорттық-патриоттық шарадан ең үздіктер анықталды.

Еліміздің көк туын желбірететін чемпиондар кішкентай кезінен қалыптасады. Бүгінгі іс-шара да осы мақсатта колледж студенттері арасында ұйымдастырылып жатыр. Тек жеңімпаздар анықталып қана қоймай, студенттер салауатты өмір салтын қалыптастыруға да үлесін қосады.

«Турнирдің ерекшелігі спортпен қатар, әскери дайындықты да шындайды. «Неге бірінші рет өткізіліп жатыр?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Шамамен 2014 жылдары «Найза» атты патриоттық турнир өтетін. Міне, сол тоқтап қалған шараны жандандырып жатырмыз.

Тәжірибе ретінде өткізіліп жатқан осы іс-шара арқылы кем-кетіктерімізді байқап, алдағы жылдары қыздар, мектеп оқушылары, өзге ау-

дандарды да қамтысақ деген ойымыз бар» деді Сарыарқа ауданы бойынша бұқаралық шараларды ұйымдастыру дирекциясының қызметкері Көлбай Жанбек.

Бәсеке барысында 7 колледждің қатысушылары бір тасын көтеру, қол күрес, АК-74 автоматтың толық емес шашу мен жинақтау, плащ түріндегі жалпы әскери қорғаныс жинағы мен газқағарды уақытқа кию, 2 шақырымға жүгіру, белтемірге тартылу, турникке тартылу сайысынан сынаға түсті.

– Былтыр еліміздегі танымал «Айбын» әскери-патриоттық жарысына қатысқан едім. Бұл жарысты «Айбынға» дайындық десе де болады. Өзіміздің шама-шарқымызды тексеріп алуға жақсы мүмкіндік, – деп Василий атты қатысушы өз ойын білдірді.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

## ЭКОАКЦИЯ ЖАЛҒАСТЫ

Астанада рейдтер барысында аудандық әкімдіктер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері тағы 10 тонна насыбай тәркіледі. Құны 50 миллион теңгеден асатын барлық өнім жойылды.



«Жастар рухы» Жастар қанаты белсенділері насыбайды жою жөніндегі экоакцияны қолдап, тыйым салынған заттардың зиянды әсерін атап өтті.

Естеріңізге сала кетейік, 18 наурыздан бастап Астананың барлық ауданында вейп пен насыбайдың заңсыз таралуы мен қолданылуын анықтау бойынша рейдтер өтіп жатыр. Полицейлер сауда нүктелерін тексереді және 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл сала отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБТК) 196-бабына сәйкес құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартады. Анықталған өнімдер жергілікті орындардан тәркіленеді.

«Біз өз қаламызды жаман әдет-

терден арылтамыз. Жастарды және еліміздің басқа өңірлерін жаман әдеттердің орнына спортпен және басқа да пайдалы істермен айналысуға шақырамыз. Бұл – ауқымды акция, ол бойынша жұмыс тұрақты негізде жүріп жатыр» деді елорданың Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев.

Айта кету керек, бұған дейін елордада 4 тонна шегілмейтін темекі өнімдері жойылған болатын. «Шегілмейтін темекі өнімдері денсаулыққа ғана емес, біздің даму мәдениетімізге де кері әсер етеді. Адамдар түкіреді, ашуланшақ болады, тыйым салынған заттарды пайдаланады. Бұл біздің елордамызға зиянын тигізеді. Акция өте дұрыс» дейді ерікті Жанель Әкежанова.



### ӨЗЕНДЕР МАҢЫ ТАЗАЛАНДЫ

Экоакция аясында жастар мемлекеттік және басқа да құрылымдардың қызметкерлерімен бірлесіп, Қарасай батыр көшесінен Нұрғиса Тілендиев көшесіне дейінгі аумақтағы Сарыбұлақ өзенінің жағасын тұрмыстық қатты қалдықтардан тазарту жұмыстарын жүргізді.

Тазалық айлығының 1000-нан астам қатысушысы Сарыбұлақ өзенінің жағасынан 200 тоннадан астам қоқыс жинады. Қоқысты шығару үшін 190 бірлік техника тартылды, оның ішінде 110 жүк көлік, 80 тиегіш қамтылды.

Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының хабарлауынша, акция аясында ағын аумақтарды қатты және тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмыстары «Нұра-Есіл» арнасында, «Ақбұлақ» және «Қарасу» өзендерінде жүргізілуде. Экоакцияға қатысушылар бірнеше сағат бойы өзеннің маңын тазалап, айналадан көп мөлшерде қоқыс жинады. «Мөлдір бұлақ» экоапталығы аясында мемлекеттік мекемелердің 400-ден астам қызметкері Қарасу өзені жағалауын қоқыстан тазартты.

Ауқымды іс-шара барысында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, орамшылқ аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарлар орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және т.б. жұмыстар жүзеге асырылды.

### ЕРЕКШЕ ФОРМАТТАҒЫ ЭКО-ПИКНИК

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында VI Group холдингімен бірлесіп Есіл

## ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІН ТАНЫТТЫ

Мемлекет басшысының аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру тапсырмасымен биыл елордада алғаш рет «Таза Қазақстан» республикалық экоакциясы ұйымдастырылды. Әр апта белгілі бір атаумен және өзіндік мақсатты негізге ала отырып өтуде.

Мамырдың 6-сы мен 11-і аралығы «Мөлдір бұлақ» деп аталды. Бұл – бұлақ, өзен, көлдердің маңайын қоқыстан тазартуға және тұрғындардың экомәдениетін қалыптастыруға бағытталған апталық. Осыған орай Астанадағы су айдындары – өзендер мен көлдердің айналасы қоқыстан тазартылды.

ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен елордадағы Президенттік саябақта кино көрсетілімі өтті.

– Көктемнің жылы күнінде астаналықтар бір күнді отбасымен бірге өткізе алады. Балаларға арналған тегін бағдарлама ұйымдастырылды, оларға аниматорлар ойын өткізеді, аквагрим, сахнада сиқыршылар жұмыс істейді. Сонымен қатар «Хатико» фильмінің кешкі көрсетілімін ұйымдастырдық және кіреберісте көрпелер тараттық. Экологиялық акцияның бұл бастамасы баршамамызды туған жерімізді таза ету мақсатында біріктіруге арналған, – деді Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің жетекшісі Әли Жолтабар.

Акцияны ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның мақсаттарының бірі – қала тұрғындарының мінез-құлқының жаңа экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Пикниктен кейін қонақтар саябақтың аумағын тазалап, қоқыстарды жинап кетті.

Кешке саябақ қонақтары үшін ашық аспан астында кино көрсетілімі ұйымдастырылды. Экоакцияға 1000-нан астам адам қатысып, Астананың тазалығына өз үлестерін қосты.

### КӘСІПКЕРЛЕР АКЦИЯНЫ ҚОЛДАДЫ

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында сауда орталықтарының қызметкерлері өз аумақтарын тазалауға шықты.

Астананың «Технодом», «Әсем», «Джафар», «Магнум», «Ажар» және «Тұлпар» сауда орталықтары мен базарларының аумағында ауқымды тазалық жүргізілді.

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бас маманы Қуаныш Қадір мұндай экоакциялар, ең алдымен, елордада тазалық пен тәртіпті

сақтау үшін, сондай-ақ мәдениет тұрғысынан алғанда, кәсіпкерлер үшін ғана емес, қаланың барлық тұрғындары үшін де үлкен маңызға ие екенін атап өтті.

### АУДАНДАР ДА АТСАЛЫСУДА

Көктемгі тазалық жұмыстары Астананың барлық бес ауданында да жалғасуда. Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарының әкімдіктері күнделікті және әр сенбі сайын тұрғындармен, мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен, қоғам белсенділерімен, шағын және орта бизнес өкілдерімен, депутат-



тармен, сондай-ақ жастармен бірлесіп, ауқымды сенбіліктер өткізуде.

«Таза Қазақстан» республикалық айлығы, соның ішінде «Жасыл аймақ» экоапталығы аясында елордада 2200-ден астам түрлі сорттағы ағаш түрлері егілген болатын. Мәңгілік ел даңғылы мен Ф.Оңғарсынова көшесінің қиылысында 100 түп қайың және шырша ағаштары отырғызылды. Жалпы жыл соңына дейін 10 000 түп ағаш егу жоспарда бар. Ауданда ағаштарды формаға келтіріп қырку жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының бас маманы Нариман Ахметов-



тың айтуынша, ауданындағы мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлері аталмыш экологиялық бастама аясында сенбілікке 300-ден астам адам қатысты. Сенбілік барысында Есіл өзенінің бойында, Ырысқелді қажы мешітінен бастап Көктал-1 тұрғын алабына қарай бағытта тазарту жұмыстары жүргізілді.

– Қоршаған ортаға қамқорлық біздің әрқайсымыздан басталады. Қоқысты тастауға қатаң тыйым салынғанын білу және есте сақтау – бұл барлығы үшін өте маңызды. Бүгін әріптестерімізбен бірге экологиялық акцияны қолдап, Есіл өзенін тазартумен айналыстық. Осындай акциялар неғұрлым көп болса, біздің қала таза болады, – деді бас маман.

«Таза Қазақстан» экологиялық айлығы аясында Есіл ауданы әкімдігімен жекелеген аумақтарда санитарлық тазалау жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, Ұлы Дала даңғылы, Қонаев, Оңғарсынова, Достық көшелері жанындағы, жағажай маңындағы көгалдарды тырмалау, баптау, күту сынды жұмыстар жүргізілуде.

Нұра ауданы әкімі аппаратының басшысы Мұрат Баярханов бір айдан астам уақыт бойы өткізілген тазалық акцияларының аясында Астана тазаланып, жасыл желектер саны ұлғайғанын жеткізе келе, экоакцияның барлық қатысушыларына алғыс айтты.

### БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТАҒЫ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында

елордадағы ботаникалық бақта ашық аспан астындағы йога сабағы өтті. Іс-шараны Есіл ауданы әкімдігі мен VI Group холдингі бірлесіп ұйымдастырды.

Жаппай сауықтыруға негізделген йога сабақтарына әртүрлі жастағы 100-ден аса адам қатысты. Игілікті іс-шараға Үндістанның Қазақстандағы елшілігінің бірінші хатшысы Санжай Веди арнайы қатысып, жылы лебізін білдірді. Ал жаттығуды йоганың кәсіби мамандары жүргізді.

Есіл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің жетекшісі Әли Жолтабардың айтуынша, ежелгі йога білімі арқылы халықты тұрақты түрде спортпен шұғылдануға баулу, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, физикалық және рухани сауықтыру мақсатында елорданың ботаникалық бағында алғаш рет тегін өткізіліп отыр.

Мерекелік жаппай сабаққа көптеген қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Йога шеберлері оларға ежелгі өнердің негізгі тетіктерімен таныстырып, дұрыс әрі жүйелі түрде йогамен дұрыс айналысудың тәсілдерін көрсетті. Ерекше форматта өткен іс-шараға ниет білдіргендердің қатарында зейнеткерлермен бірге мектеп оқушылары да көп болды.

Астаналық Ақбөбек Назенғалиева спорттық іс-шара жоғары деңгейде өтіп, табиғат аясында денені шынықтыруға тегін мүмкіндік берілгеніне ризашылығын білдірді.

Іс-шара соңында еріктілер бақ аумағын тазартты.

Бетті дайындаған  
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



№56 (4644) 11/05/2024 Сенбі

Индира  
БЕРЖАНОВА**КӘСІП БАСТАҒАНҒА  
ҚОЛДАУ БАР**

– Астананы кәсіпкерлер қаласы деуге негіз бар. Оны статистика толық айғақтайды. Бүгінде қаланың экономикалық белсенді халқының 74 пайызы шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылған. 233,5 мың қызметін дөңгелетіп отырған шағын және орта бизнес субъектілері қала экономикасының 60 пайыздан астамын қалыптастырып отыр. Бұл – еліміздегі ең жоғарғы көрсеткіш. Қаладағы кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттік бағдарламалар едәуір үлесін қосуда. Шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған несиенің пайыз мөлшерлемесін субсидиялау мен несиелерді ішінара кепілдендіру сияқты тетіктер үлкен сұранысқа ие, – деді қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Нұржан Әшімов.

Аталған тетіктер 2010 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында бастау алып, кейіннен «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» негізінде жалғасын тапты. Тетіктерді іске қосқан сәттен бастап Астана қаласы бойынша субсидиялау шеңберінде 6200-ден астам жоба мақұлданып, 4800-ге жуық несие ішінара кепілдендірілді. Жалпы соңғы үш жылда қолдау тапқан кәсіпкерлермен 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылған. Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы биылдан бастап күшін жойғанмен, қолдау тетіктері Ұлттық экономика министрімен қабылданған арнайы қағидалар аясында белсенді түрде жүзеге асып келеді. Шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы аясында субсидиялау мен ішінара кепілдендіру тетіктері өз ісін экономиканың басым салаларында жүзеге асырушы бизнес субъектілеріне қолжетімді. Олардың қатарына еңбеген салаларда қызмет етуші кәсіпкерлер үшін «Астана Бизнес» жеңілдетілген несие беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаны елорда әкімдігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бірлесіп қаржыландыру арқылы жүзеге асырады. Осы бағдарлама бойынша кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер 50 млн теңгеге дейін, жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлер 100 млн теңгеге дейін жеңілдетілген несие ала алады. Бұл несиенің сыйақы мөлшерлемесі 7 пайызды құрайды.

Жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 5 млн теңгеге дейінгі қайтарымсыз гранттар беріледі. Былтыр гранттарды тіркеу мерзімі 3 жылдан аспаған жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынылды. Өткен жылы жалпы 1971 кәсіпкерден өтінім келіп түсті. Іріктеудің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 545 млн теңгеге 113 кәсіпкердің жобасы қолдау тапты.

Биыл грант ұсыну шарттары қайта қарастырылып, Ұлттық экономика министрілігі жаңа қағидаларды бекітті. Осы қағидаларға сәйкес, қайтарымсыз гранттар тек әлеуметтік кәсіпкерлер тізіміндегі шағын және орта бизнес субъектілеріне ұсынылады.

**САУДА ҚАРҚЫНЫ  
ТҰРАҚТЫ**

– Шағын кәсіпкерлікті дамытуда көше саудасы маңызды. Көше саудасын дамыту мақсатында елордада 2016 жылдан бастап «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы іске қосылған. Осы бағдарлама шеңберінде бүгінде 800-ден астам субъект жұмыс істеп жатыр. Жоба аясында



# ТАРТЫМДЫ ҚАЛА – ТАБЫСТЫ

Ел аумағында инвестицияға тартымды, туристік және кәсіпкерлік әлеуеті жоғары қалалардың ішінде Астана қаласының мүмкіндігі көп. Мәселен, былтыр қалаға 2 миллиард доллар көлемінде шетелдік инвестиция тартылып, қаланың өндірісі жыл сайын кеңейіп келеді. Өткен жылғы көрсеткіш бойынша мегаполиске 1 млн 324 мың турист келгені куантады. Ал қаланың сауда саласын дамыту, бизнеске қолайлы шаһар ретінде қалыптастырудағы жұмыстар нәтижелі ме? Оған Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы толыққанды жауап берді.

300-ден астам жер учаскесін қосалқы жалға беру шарты жасалды, 1 миллиардқа жуық жеке инвестиция тартылған. Оның басты мақсаты – астанадағы көше саудасының бәрін жаңа заманның талабына бейімдеу. Бағдарлама операторы – «Астана ЭКК» АҚ. Бөлінген жер учаскелері жеміс-жидек, көкөніс, тамақ өнімдері, дайын өнімдер сататын объектілерді орналастыруға арналған. Бүгінде қала аумағында орналасқан сауда павильондарына заңдылық, сәулеттік келбет талаптарын және санитарлық нормаларды сақтау тұрғысынан тексеру жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты жаңа жер учаскелерін беру жұмыстары уақытша тоқтатылды, – деді өз сөзінде Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы сауда және қызмет көрсету саласын дамыту бөлімінің басшысы Дархан Отызбаев.

Сауда саласында азық-түлік бағасының негізсіз шарықтауын болдырмау мақсатында әрі бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шеңберінде 29 мың тоннадан астам өнім бақылауда. Олар қаланың 110 ірі сауда желісінде сатылады. Нақты айтсақ, «Магnum» – 77, «Астықжан» – 2, «Вкусмарт» – 10, «Анвар» – 2, «Аян» – 5, «Фермаг» – 20, «Шапағат», «Сарыарқа», «Сауран» сауда орталығында бар. Қосымша «Қазтрейд» АҚ-пен жалпы көлемі 1350 тонна көкөністі (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат) жеткізу көзделген.

Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының индексі 99,4 пайызды құрап, Астана республика бойынша 18-орын алды. Бағаны тұрақтандыру үшін делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі аймақтық комиссия

құрылды. Әр апта сайын комиссияның барлық мүшесі ірі сауда объектілерін аралап, нарықты бақылап отырады. Жыл басынан бері комиссияның 29 отырысы өтіп, бағаны негізсіз өсірудің 47 фактісі анықталды.

**ӘЛЕУМЕТТІК  
КӘСІПКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІ  
ҚАНДАЙ?**

2023 жылы Ұлттық экономика министрілігі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеп, бекітті. Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамның ең әлсіз топтарын белгілі бір кәсіпке баулу және осы азаматтар өндірген тауар мен көрсеткен қызмет түрлерін сатуды ұйымдастыру. Әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бұл бағыт бойынша әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысушылар үшін төрт санат енгізілді. Біріншісі – әлеуметтік осал топ азаматтарын (ерекше қажеттілігі бар жаңдар, ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, көпбалалы отбасылар, зейнеткерлер мен зейнет жасына дейінгі азаматтар, 16 жастан 23 жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, қандастар) жұмыспен қамтуға септесетін әлеуметтік кәсіпкерлер. Екінші санат – бұл әлеуметтік осал топ азаматтарымен өндірілетін тауарларды, орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерін сатуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлер. Үшінші санат – мүгедектігі бар адамдарға көмектесу мақсатында қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлер. Төртіншісіне әлеуметтік салада жұмыс істейтін әлеуметтік кәсіпкерлер (психологиялық-педагогикалық қызметтер, балалардың демалыс



сын ұйымдастыру, жалпы білім беру, мәдени-ағарту, қоршаған ортаны қорғау) жатады.

2022 жылдан бастап әлеуметтік кәсіпкерлердің республикалық тізіміне 437 кәсіпкер енген, соның 117-сі немесе 27 пайызы Астана қаласына тиесілі. Солардың бірі «Замандас» қоғамдық қоры 3 мыңға жуық ерекше балалардың бос уақытын аула клубтарымен қамтамасыз етуде. Одан бөлек, «Green Tal» және «Kunde» ЖШС-тің әрқайсысы әлеуметтік осал топтар қатарындағы 40 азаматқа тұрақты жұмыс беріп отыр. Кәсіпкерліктің бұл түрі туралы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы өндірістік қауіпсіздік бөлімінің басшысы Рүстем Сағынбаев айтып берді.

– Әлеуметтік кәсіпкерлерді ынталандыру және дамыту мақсатында бизнеске арналған қайтарымсыз гранттар, жеңілдетілген несиелер, жеңілдетілген шарттармен тұрғын емес

үй-жайлар беру секілді қолдау шаралары қарастырылған. Жалпы әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикадағы орны бөлек. Өйткені бұл кәсіпкерлер барынша пайда табуы мақсат етпей, өз қызметін дөңгелету арқылы әлеуметтік осал топқа жататын азаматтарға орасан зор көмек көрсетеді.

Аталған кәсіпкерлік қатарына қосылу шарттары мен ережелері тұрақты негізде Астана қаласы әкімдігінің, Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының ресми парақшаларында жарияланып келеді. Жарияланған ақпараттардың ішінде жауапты қызметкерлердің байланыс телефондары көрсетілген, – деді спикер.

**ӨНЕРКӘСІБІ ЕКПІНДІ**

Инвестиция – экономиканың екінші тынысы. Бірақ шетелдік ірі компаниялардың мол қаржысын тарта білу үшін де елде

экономикалық ахуал жақсы, саяси тұрақтылық сақталған, әлеуметтік даму көрсеткіші жоғары болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Астана барлық талапқа толық жауап береді. Содан болар, 2023 жылдың қорытындысы бойынша елордаға 6,6 пайыз өсімімен 1 трлн 631,1 млрд теңге деңгейінде рекордтық инвестиция тартылды. Былтыр елордаға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2 млрд АҚШ долларын құрады. Инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 6,3 трлн теңге болатын 591 жобаны жүзеге асыруда. Сондай-ақ былтыр 1800 жұмыс орны құрылып, 174,5 млрд теңге сомасына 30 жоба пайдалануға берілді. Ал 2024 жылы жұмыс орындар саны 4100-ге артып, жалпы сомасы 308,6 млрд теңгеге 55 инвестициялық жоба іске қосылады деп күтілуде. Инвестицияларды тарту бойынша жұмыс жүйелі негізде жүргізіліп келеді. Бүгінгі таңда инвесторлар мемлекеттік қолдауды, оның ішінде арнайы экономикалық аймаққа жеңілдіктер беру көзделген. Бұл бағыттағы басқарушы компания «Astana Invest» саналады. Бас қалаға инвестицияларды тарту және іскер азаматтарды инновациялық игіліктерді игеруде «Астана даму орталығы» қолдау білдіреді.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ  
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

2023 жылдың қаңтар және қараша айлары аралығындағы елорданың өңдеу өнеркәсібі экспортының көлемі 3433,9 млн АҚШ долларын құрады. Қала аумағында 70-тен астам экспортқа бағдарланған өндіріс бар. Елордалық өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағына тиесілі. Оның аумағында №1 индустриялық парк мен 108 өнеркәсіптік жоба орналасқан. Былтыр №1 индустриялық парк кәсіпорындарының өнім экспортының көлемі 40,38 млрд теңгені құрады. Негізгі экспортталатын тауарлар қатарында қорғаныстық электронды-оптикалық өнімдерді шығаратын «Қазақстан Аселсан Инжиниринг» кәсіпорны, «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, лак-бояу өнімдерін шығаратын «Астана ЖМК зауыты» ЖШС, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар шығаратын «ZTOWN Development» ЖШС, парфюмерлік-косметикалық өнімдер дайындайтын («Аромат» ЖШС), пластмасса бұйымдарын өндіретін «Бірнұғай шоғырландырушы орталық» ЖШС және өзгелері бар. Тауарлар Ресей, Өзбекстан, Шри-Ланка, Армения, Қытай, Германия, Эстония, Қырғызстан, Түркия, Беларусь, Эзербайжан және басқа елдерге экспортталады.

– Астана өнеркәсібін ілгерілетуде жаңа жобаларға ерекше назар аударылып, жыл сайын жаңа өндірістер, сондай-ақ экспортқа бағдарланған кәсіпорындар іске қосылатынын атап өткен жөн. Мәселен, өңдеу өнеркәсібі саласындағы тиімді, жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді, оның ішінде экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды дамыту мақсатында елорда аумағында «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағы аумағында №2 индустриялық паркін құру жүргізілуде, онда 500 млрд теңге сомасына 150-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Одан басқа, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары орналастырылатын аграрлық-индустриялық аймақты құру және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы өнеркәсіп және экспортты дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қиылымбеков.

# «ӨМІР – КӨШ, ӨМІР – КЕРУЕН, ӨМІР – САПАР»



**Е**рбол Шаймерденұлы артына мол мұра қалдырған бірегей азамат еді. Ол табиғатынан талантты, білім-білігі мықты, көзқарасы кең, өзіндік байламы берік, екі тілге жетік, жігерлі болатын.

Ербол жаратылысынан ақын еді. Соны ерте аңғарған қазақтың, құдір-гіше айтсақ, жыр жұлдыздары Мұсафар Әлімбаев: «Поэзия төрінде толастамай, Жая бер тың шабытпен құлашты кең» десе, Тұманбай Молдағалиев сан салада қызмет етіп жүрген інісінің талантына тәнті екенін, бірақ «Ақындықтың әулие құсы Ерболдың отауының ішінде ұшып жүр... Тек сол құсты мәпелеуге, еркелетуге Ербол інімің қолы тиер ме екен? Мәселе осында» депті. Дегенмен қоғамдық жұмыстың қатпарында, саяси істің төңірегінде жүрсе де: адалдықты, адамгершілікті, ұлтына деген махаббатты қара сөзбен де, сыршыл өлең жолдарымен де, поэмаларымен де өрнектеп өтті. Өлеңдерінде өмір ағысын толғады. Әкеден ерте көз жазып, анасын паналаған тұстағы бұралан сәттерді: «Талай рет шарасыздық жыллатты, Кейде сенім бәйтерегін құлатты. Жетімдіктің шоғы қарып жүректі, Темір арқан ішкерледі құр атты» деп суреттейді. Бірақ жасымайды: «Мұнар да мұнар, мұнар күн, Мұнарсыз күнге құмармын. Бұқтыра берген биікке, Жарқ етіп бір күн шығармын» деп еді, сөзіне берік, ісіне мығым асыл затты азамат қысқа ғұмырында қаршығадай қалықтап өз биігіне шықты.

Ерболдың артында қалған мұрасын жинақтау ісінде өлшеусіз еңбек еткен азамат – қазақ журналистерінің айтулысы, қайсар қазақ, «дос досқа жанашыр болу керек» деп адал айбынымен басымызды біріктіріп жүретін марқұм Ержұман Смайыл болғанын үлгі етіп айта аламыз. Жылына жеткізбей «Жүрегімен от тасыған» деген естелік кітап құрастырып шығарды. Одан кейін алты томнан тұратын дүниесін қаттап, жұртына ұсынды. Мұндай досқа деген шынайы жанкештілік ендігілердің қо-

лынан келеді деу екіталай шығар.

Аталмыш томдарды парақтағанда төрткүл дүние көз алдынан өткендей болады. Әлемдік ақыл-ой иелерінің өмір оқулығындай даналық байламдарын құмнан алтын іздегендей таңдап алып, қазақ тіліне мінсіз аударып, жариялауы ұлт руханиятына қосылған қазына болды десек, артық айтқандық емес.

Алдымен әлемдік ақыл-ой иелерінің инжу-маржанын қазақ тіліне әрін сақтап, мәнімен қотарған Шаймерденұлы мұндай алтын-жауһар өзіміздің дара даналарымызда да, би-шешендерімізде де, жақсы мен жайсандарымызда да бар емес пе деп, қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүрсе де, арасында көз майын тауысқан жанкешті еңбегін, яғни Анақарыстан (б.з.д.V ғ.-VII ғ.). Сағат Әшімбаевқа дейінгі 25 ғасыр сөзін алдымен бір жүйеге түсірді. Ұлт руханиятына қосылған мол мұраны «Қазақ афоризмдері (ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін)» деген атпен тұңғыш рет «Ой мен сөз! Сөз бен ой! Адамды адам еткен қос күдірет!». Қолыңыздағы кітап – сол сөзге айналған ойдың, оймен нұрланған сөздің салтанатын паш ететін ерекше туынды» деп, көлемді бір том етіп жариялады. Сөйтіп, әлем ойшылдарының қатарында нық тұрған қазақ даналарын да танып, біліп қана қоймай, бар екен-ау дегізіп, дәйек сөз алуға қолымызды жеткізді. «Жүрек көзіміз» (Абай) ашылды. Алғашқы



Ербол Шаймерденұлының есімімен қатар аталатын екі тұңғыш сөзі және бар. Оның біріншісі – Президенттің тұңғыш баспасөз хатшысы, екіншісі – Қазақ елінің тұңғыш рәмізтанушысы

Біз Ерболмен 1971 жылдың жазында дидарластық. Ол кезде Отанымыздың барлық өңірінде мектеп бітірген жас талап білім нәрін аламыз, маман боламыз деп Алматыға ағылатын. Біз де сондай жолдан өтіп, жадыраған жазда бұрынғы астанаға жетіп, Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне түстік. Содан бері де жалт етіп жарты ғасырдан аса уақыт өте шықты.

қадамы саналатын ақындығы мен журналистігін айтпағанда, профессор Серік Негимовтың сөзіне сүйенсек, Ербол Шаймерденұлы қазақтың киелі топырағында тұңғыш рет «...ол – философиялық афористика жанрының негіздемесін жасаушы санаткер». Осыны әр азамат есте ұстап, ұлылар сөзін қайдан алғанын көрсетіп отырса, қане.

Ербол Шаймерденұлының есімімен қатар аталатын екі тұңғыш сөзі және бар. Оның біріншісі – Президенттің тұңғыш баспасөз хатшысы, екіншісі – Қазақ елінің тұңғыш рәмізтанушысы. Еліміз егемендікке қол жеткізген елең-алаң шақта алғашқы баспасөз хатшысы деген қызмет белгіленді. Қыр-сыры әлі анықталмаған жұмыс Шаймерденұлына жүктелді. Ол оны білім, білігімен меңгеріп қана қоймай, елдік жұмысты ілгері жылжытып, мемлекеттің даму баспадағы биікте, түге өзіндік үлесін қосты. Ол кездегі баспасөз хатшысының жауапкершілігі өте зор еді. Бұл күндері кез келген мекемеде баспасөз хатшысы деген қызмет жетіп артылады.

«Әлемді нышандар мен рәміздер билейді» деп Конфуций айтқандай, жас мемлекеттің туын, елтаңбасын, әнұранын бекітіп алу ісі оңай бола қойған жоқ. Соның басы-қасында алдыңғы толқынға арқа сүйеген, тарихи кезең куәгерлерінің бірі Ерболдың да болғаны анық. Заңғар қазақ Әбіш Кекілбайұлының Ерболмен: «Тағдыр бізді жақсы істің үстінде жолықтырды» деп ақиқатты бүкпесіз алға тартуы содан асырды.

Ұлтымыздың бірегей белгілерін ой әлемінде қорытып, сөз әлемінде жүйелі тиянақтап, нақты жұмысқа кірісу үшін 1992 жылы Мемлекеттік рәміздерді жасау жөніндегі комиссия құрылғаны мәлім. Оның хатшылығына Е.Шаймерденұлы бекітілді. Қилы қайшыласулар, қызылкенірдек талас-тартыстар оның көз алдынан өтіп жатты. Ақыры үш нышанымыз бой тіктеді. Төрткүл дүниеге киелі нышандарымыз жетіп жатты.

Еңбекқор Ерекең жан-жақты ізденіп, 1993 жылдың басында «Қазақ елінің рәміздері» деп аталатын туымыз түстес шағын кітапты 50 мың таралыммен жарыққа шығарды. Бұл елтанудағы тұңғыш зерделі еңбек еді. Оны тұңғыш рәмізтанушы деуіміз де сондықтан. Қазақ

елінің ғасырдан-ғасырға жалғасқан тағылымы, өзіндік қолтаңбасы, көне жазулардағы белгілер, бабалар рәміздері, әлем елдерінің жақсылары сараланды. Зерделі зерттеулер жалғаса берді. Соның нәтижесінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері» деген іргелі кітап жарық көрді. Бұл еңбек тың құндылықтармен толығар, әлденеше рет басылды. Әлемнің көптеген тіліне аударылды. «Елтану әліппесіне» айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев рәміздеріміздің беделін арттыру жөнінде аталы сөз айтты келеді. Елдік нышандарымызды жас ұрпақтың санасына мектеп партасынан сіңіру үшін «Елтану әліппесін» оқу бағдарламасына енгізсе еш артықтығы жоқ деп білеміз.

Ұлтқа қызмет етудің әдемі қызым Ербол Шаймерденұлы «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары, Тілдерді дамыту департаментінің директоры, Қазақ ақпарат агенттігі директорының орынбасары, Қазақ радиосының атқарушы директоры кезінде де жан-жақты көрсетті. Азат елдің күмілжуі көп, көкжиегі көмескі тіл саясаты тезге түсіп тұрған тұста ол оның шаруасын қалай оңалтамыз, шараны қайтсек кеңейтеміз, аяққа қадалған шөңгені жұлып тастап, жолды ашу жайын тереңнен ойластырып, мұндай ұлттық жұмысқа жұрт кісілерін жұмылдырып бақты. Алқаның жияндар өткізіп, екі жақтың ой байламдарын бүкпесіз айтқызып, сонында өзі сауаттылықпен түйін жасап отырды.

Ерболдың сан қырын, бір сырын бір мақаланың аясында қамту өте қиын. Оның көсемсөздері, аудармалары, зерттеулері, мақалалары, әнге жазған өлеңдері бір-бір әлем десе боларлық. Ұлтының ұлы қатарымызда жүрсе қанаттасып жетпіс жылдың мына жалған дүниеден аттанғанына да он екі жылға таяды. Енді оның мерейтойы өзінсіз өтеді десек те, өзіндей болған көзі – ұрпағы, асыл жары бар, екінші өмірінің алтын арқауы – оймен өрнектеп, сөзбен түйген ұшан-теңіз мұрасы бар.

«Өмір – көш, өмір – керуен, өмір – сапар» деп еді Ерекең. Бұрмасы жоқ ақиқат екен, ақиқаттан кім аттап кете алады?!

Сұлеймен МӘМЕТ,  
жазушы

Оралдан Арқа төсіне мекенжай ауыстырып келгенде алғаш танысқан адамымың бірі Әбекең – Аманкелді Жұмабек болды. Қарбалас жұмыс күндерінің бірінде «Астана ақшамы» газеті редакциясына ақ қырау шалған, толқынды, қалың шашы иығына түскен жігіт ағасы кіріп келді. Қасында көзілдірікті шойын қара етжеңді адам бар.

## БОЙЫНА ӨНЕР ДАРЫҒАН ЕДІ

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

«Осында қаламы ұшқыр журналистер келді» дегенді естіп, сәлем бере келдік» деді ол шағын бөлмеде отырған бес-алты адамға шолға қарап.

Есік жақта отырған журналистер марқұм Сағат Ошақбаев пен Айтқадір Тілеуов ұшып түрегеліп амандасып, хал-жағдай сұрасып жатыр. Мен де орнымнан тұрып, қол беріп, ізет жасадым. Әріптестерімнің әп дегенде келген адамдармен әңгімесі жарасып жүре берді. Көп кешікпей қонақтармен жақынырақ таныстық.

– Аманкелді Жұмабек деген – ақын, әнші, аудармашы ағамыз, – деді Сағат.

Қасындағы кісі жазушы, композитор Ескермес Иманбаев екен. Бұған дейін екеуі астана Арқа төсіне қоныс аудара бастағанда, «Ақмола – бас қалам» атты ән жазып, ол ән қаланың халықаралық тұсаукесерінде орындалған екен. Енді, міне, шаһардағы бір оқу орны сол өңірдің шығармашылық авторларымен кездесу өткізіп, ағаларымыз содан оралып келе жатқан беті екен. Сөз алғашқы кездесуіміз кейін аға мен інінің арасындағы ризсыз сыйластыққа айналды.

Әбекең жақсы ақын еді. Сезімге толы лирикалық өлеңдерімен қатар азаматтық пафосағы жырларының өзі неге тұрады?! Бір күні кештетіп ол телефон соқты. «Ау, інім, не шаруа істеп жатырсың, қолың бос па?» деді. «Иә, үйдемің, қолым бос» дедім.

«Онда ағаңның сиясы кеппеген туған жер туралы өлеңін тыңда» деді. Өзінің өскен өлкесі – Ерейментауына деген перзенттік парызын жыр тілінде шымырлата жеткізіпті. Өзіне тән адуынды ырғақпен төкпелете оқыған сол өлеңінің тек жадымда «Қаталамды дейін бе, От аламын дейін бе? Бір өзіңнен басқаның, Бәрін қоям кейінге» деген төрт шумағы ғана қалыпты.

Әбекең кезінде Алматыға барып, дарынды ақындар марқұм Кеңшілік Мырзабеков, Дәуітәлі Стамбеков пен қазіргі замандасы Серік Тұрғынбековпен қатар жүріп жыр оқығанын айтып отыратын. Талай әдеби ортада мақталып, аузы дуалы жыр дүлдүлдерінің батасын да алған. Поэзияны жақсы көрді. Көптеген ақынның өлеңдерін жатқа оқитын. Өзі де сезімді сөз еткізетін керемет өлеңдер жазды. Бірақ оны жинақтап, кітап етіп шығара қоймапты. Соның сырын сұрағанда «құтсыздық қой» дейтін де, әзілге шаптырғып: «Ақынның атағы жоқ, кітабы жоқ. Ойлама



соған қарап, құсалы деп, Ақпейіл көңілімнің көгершіні ауламда әрлі-берлі ұшады кеп» деп бір шумақ өлеңмен жауап беретін. Аманкелді ағамыз жақсы әнші еді. Талай ортада, қатарластарының арасында «Бір баламы» шырқағанда, соншама асақ дауысының кең диапазонына таңғалатынбыз. Егер шындып айналысса, Әбекеңнің тәпәуір әнші болатынына күмән жоқ еді.

Бірде журналист Ескендір Ертай екеуміз бір мереке қарсаңында орталық телевидениенің дикторы Әбдірәлі Бөлекбайдың жұмыс орнына бара қалдық. Сәлем беріп, кіріп барсақ, Әбдірәлінің бөлмесінде, қасында тағы бір танымал адам бар, Аманкелді ағам отыр екен. Біраз құды-қашты әңгімеден кейін Әбекең «мен мына екі інімнің құрметіне ән айттып беремін» деп «Мариян Жағорқызы» мен «Бір баланы» әуелетті. Жауы Мұсаның «Ақсисасы» мен Мәдідің «Қаракесегінен» бір қайырды. Қай әнді айтса да кәсіби әншілердей беріле, әннің табиғатына бойлай, жантәнімен түсіне шырқайтыны сүйсіңдіретін.

«Егер адам талантты болса, барлық жағынан да талантты» деген сөз осы Аманкелді ағамызға арналып айтылғандай. Ол тамаша аудармашы болды. Мектептен кейін Новосибирск қаласының темір жол институтына түсіп, екі курстан кейін отбасы жағдайымен оқи алмай қалмағанда, ол қазір өндіріс саласының ірі маманы болуы мүмкін еді. Дегенмен сол кездегі тәжірибе оны орыс тілін жетік меңгеруге әсер еткен. Кез келген адамның тісі батпайтын кітаптарды Әбекең қиналмай аударып жүрді. Бұл бағытта ол кісіден үйренгеніміз өте көп. «Аударманың жолма-жол, мағыналық және синхронды деген үш түрі бар. Соның қай-қайсысына да асқан жауапкершілік пен білім қажет» дейтін ол.

Бір күні Әбекең телефон соқты. «Інім, мен науқастанып қалдым. Екі рет ота жасатып, енді, міне, үйде жатып ем алып

жатырмын. Біраз ой туды, соны қағазға түсіріп, 10-15 жаңа өлең жазып тастаппын. Газет басшылығымен келістім. Оң болғыр жігіттер «беріңіз өлеңіңізді» деп отыр.

Соны сен келіп алып кетіп, Ғалымның қолына тапсыршы» деп өтініш айтты.

Ағамыз Мақсат Нәрікбаев көшесінің бойындағы соңғы сәулет үлгісімен салынған заманауи зәулім үйлерден кеңде жарық пәтер алған екен. Мені есік алдында қарсы алды. «Қоныс құтты болсын, Әбеке!» дедім. «Балам Дархан алып берді. Ұлым үмітімді ақтады» деп ол осы сөзді ерекше бір көңіл күймен, асқан мақтанышпен айтты.

Маржандай тізіліп, тасқа басылған бір топ өлеңдерін ұсынғып жатып: «Бойыма 11-12 жасында қонған өнер еді. Осындай жаным қиналғанда серік етемін. Өзі келеді маған өлең. Сан ойлар мазалап, солардың жүрегімен өткенін қағазға түсіремін» деп сырын ақтарды.

Тынысын тіршіліктің тынбай бағып,

Күніне жүз толғанып,

мың ойланым.

Ой бұлтынан үзіліп түсіп келем,

Бір тамшы жырға айналып, – депті Әбекең бір өлеңінде. Қандай терең мағына десеңші! Осы өлең топтамасы көп кешікпей «Астана ақшамы» газетіне де жарияланды.

Әбекең тағы телефон шалды. «Інім, «жақсылық жасасаң – бүтін жаса» деген, енді газетке шыққан сол өлеңдерімді әкеліп берші» деді.

Түскі асқа Төлеш апай тәтті шай дайындап қойыпты. Біз ұзақ әңгімелестік. Өйткені Әбекең мені жібергісі келмеді. Сәл де болса қасымда болсын деді ме екен. Әңгімеден-әңгіме өрбітіп біраз отырды. Кетерімде «мынау саған ағаңның ілтипа-ты» деп үстіме шапан жауып, құшағына қысып ұзақ тұрып алды. Сосын «Аман жұыр, айналайын!» деп ағалық ақ тілегін білдірді. Бұл менің ақжарқын, абзал ағамды соңғы рет көруім екен.

**Ә**рқайсымыз өмірімізде бір рет болса да медициналық мекемеге барып, барлық жерде диагностикамен және емдеумен айналысатын медбикелер қызметіне куә болдық. Өз жұмысында олар жұқпалы аурулары бар науқастармен байланысу арқылы өмірін қатерге тігеді. Науқастарды бір төсектен екіншісіне ауыстыруға, тұруға және жатуға көмектесетін, пациенттер үнемі байланыста болатын жалғыз қызметкерлер де – солар. Төл мерекесіне орай астаналық медбикелердің де хал-жағдайы туралы білдік.

#### АСТАНАДА МЕДБИКЕЛЕР ЖЕТІСПЕЙДІ

Әлемде медбикелерге деген қатты сұраныс коронавирус инфекциясымен байланысты пандемия кезінде айқын аңғарылды. Денсаулық сақтау саласының «қара күші» саналатын медбикелердің рөлі күн сайын арта түсуде. Республикада жұмыс істейтін орта буын медицина қызметкерлерінің үлесі 188 мың адамды құрайды. Ал Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына ведомстволық бағынысты ұйымдардағы орта медицина қызметкерлер саны – 6 187 адам.

Аталған басқарманың баспасөз қызметі берген мәлімет бойынша, Астана қаласында медбике саны жетіспейді, қазіргі таңда орташа медициналық персоналға қажеттілік 178 адамды құрайды. Жетіспеушіліктің бірден-бір себебі – Жоғары медициналық колледж түлектері санының қажеттілікті жаппайтыны. Ал жекеменшік медколледждер түлектері (Шипагер, Томирис, Даналық және т.б.) негізінен, тек мемлекеттік медициналық ұйымдарда ғана тандамайды, жеке медициналық ұйымдарға да барады, себебі ол жақта жұмыс көлемі анағұрлым аз, ал жалақысы жоғары.

#### ҚАЙ САЛА ЖҰМЫСЫ АУЫР?

Стационарлардың штаттық кестесінде медбикелер санының артуы бөлімшенің күрделілігіне байланысты. Сонымен, хирургиялық профиль бөлімшелерінде медбикенің пациенттерге қатынасы 1:5, терапевтік профиль бөлімшелерінде 1:10 болуы керек. Медбикенің пациенттерге қатынасына сөйкес, хирургиялық бөлімшеде медбике қызметі қиынырақ болып келеді.

Қай салада болмасын медбикелердің негізгі міндеттері бар. Соның ішінде емхана медбикелерінің негізгі функционалдық міндеттерінің қатарында медициналық қызметтердің қолжетімділігін жақсарту; созылмалы аурулардың асқынуларының алдын алу және уақы-



## МЕЙІРІМІ МОЛ МЕДБИКЕ

Ертең 12 мамыр – Халықаралық медбикелер күні. Бұл күн осы қызметтің негізін қалаушылардың бірі Флоренс Найтингейлдің туған күніне орай әлемде жыл сайын атап өтіледі. Тарихы ХІХ ғасырдан бастау алатын күнді бүгінде 50-ден астам мемлекет, соның ішінде Қазақстан да тойлайды.

тылы анықтау; үйде паллиативтік көмек көрсету; қатерлі аурулардың ерте диагностикасы; созылмалы аурулары бар науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудегі үздіксіздікке қол жеткізу және пациенттерді қан қысымын өлшейтін аппараттарды, қандағы глюкозаны, ингаляторларды дұрыс қолдануға үйрету; тамақтану және физикалық белсенділік бойынша кеңес беру және оқыту; дәрігердің тағайындауы бойынша мейіргерлік манипуляциялар жүргізу; тіркелген халықты скринингтен және флюоро тексеруден өтуге шақыру; 5 жасқа дейінгі балалар мен жүк-

ті әйелдердің патронажы; үйдегі активтерге қызмет көрсету және басқа да жұмыстар бар.

Ал стационар медбикелерінің негізгі функционалдық міндеттеріне: тыныс алу және бақылау-диагностикалық аппаратураны жұмысқа дайындауды, жарамдылығын, дұрыс пайдаланылуын, қауіпсіздік техникасын бақылауды жүзеге асыру; медициналық мақсаттағы заттарды таңбалауға қойылатын талаптарды сақтау; қалыптасқан жағдайды талдау және өзінің кәсіби құзыреті мен өкілеттігі шегінде шешімдер қабылдау; мейірбикелік манипуляция техникасын меңгеру; пациенттің жағдайын бағалау, медициналық құралдарды, таңу материалдарын бактериологиялық бақылау кестесін орындау және сақтау, үнемі және уақытылы медициналық тексеру және басқа да қызметтер жатады.

#### ДӘРІГЕРДІҢ ТЕҢ ҚҰҚЫЛЫ СЕРІКТЕСІ

Жыл сайын маусымның әр үшінші жексенбісіне атап өтілетін Медицина қызметкерлері күнінде Астана қаласы бойынша медицина қызметкерлері арасынан әртүрлі номинация бойынша мамандар марапатталады. Оның ішінде «Үздік медбике» номинациясы да бар. Сол кезде медбикелер де дәрігерлермен бірдей марапаттарға ие болады.

– Біз бәріміз медбике дәрігердің көмекшісі деген ескі ойдан арылуымыз керек. Медбике – дәрігердің тең құқылы серіктесі, мейірбике маманы және оның Денсаулық сақтау саласындағы өз міндеттері бар.

Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, 2023 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 382 орта медицина қызметкері оқытылды. Биыл біздің басқармада осы мамандарды оқумен кенірек қамту және орта медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында шеберлік сыныптарын өткізуге ерекше назар аударылуда, – дейді басқарма басшысы Әлия Рүстемова.

Медбикелерді жұмысқа қабылдау үшін «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 туралы бұйрығы негізге алынады. Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 72 бұйрығымен бекітілген, яғни арнайы-орта, қолданбалы бакалавриат немесе жоғары білім және міндетті түрде маман сертификаты болуы керек. Астана медбикелерінің өзіндік ұйымы ретінде «Парыз» мейіргер ісі мамандары Республикалық қоғамдық бірлестігін атап өтуге болады.

Барша медбикелерді ертеңгі кәсіби мерекеміз құттықтаймыз! Сіздердің күн сайынғы толассыз қажыр-қайратыңыз бен еңбегіңіз науқас адамдарға күш беріп, сауығып кетуіне сенім сыйлайды. Саланың негізгі күші саналатын қатардағы сарбаздарына мықты денсаулық, мол табыспен бақыт тілейміз!

## АКУШЕР – АСЫЛ МАМАНДЫҚ

Мамырдағы тағы бір мереке медицинадағы маңызды мамандықтардың бірі – акушерлер күнімен байланысты. 5 мамыр – халықаралық акушерлер күні ресми түрде 1992 жылы бекітіліп, әлемде көптеген елдерде тойланады.

Қазақстанда 9 мыңнан астам акушер жыл сайын 500 мыңға жуық жүкті әйелге білікті медициналық көмек көрсетеді, бұл жүктіліктің қалыпты ағымын, сондай-ақ босанған кейінгі кезеңде қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етеді. Ал елордада 230-дан астам акушер жұмыс істейді және олардың әрқайсысы күн сайын көптеген сәбидің дүниесігін ашуына көмектесіп, ана мен баланың қауіпсіздігін, денсаулығын қамтамасыз ету арқылы олардың бақытын еселей түседі.

Қазақстанда жүкті әйелдерді медициналық персоналдың пренаталдық бақылаумен қамтуы 99%-ды құрайды. Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала туады, бұл туудың жоғары деңгейін және аналардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін көрсетеді. Туу бойынша көшбасшылар қатарында Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы бар. Осыны ескере отырып, ана мен баланың өмірі мен денсаулығына байланысты акушердің рөлі артып келеді.



## ДЕМІКПЕ – СОЗЫЛМАЛЫ АУРУ

Балалар мен ересектерде бірдей пайда болатын жұқпалы емес әрі әлемде ең көп таралған созылмалы аурулардың бірі – демікпе. ДДҰ мәліметтері бойынша, 2019 жылы демікпеге шалдыққан науқастардың саны 262 млн адамды құраған және осы аурудан 455 мың өлім жағдайы тіркеліпті. Осыған орай 3 мамыр – Дүниежүзілік бронх демікпесімен күрес күніне байланысты Астанадағы №2 көпбейінді қалалық ауруханада Ашық есік күні өтті.




Іс-шара аясында тұрғындар бронх демікпесінің өршу қаупі факторларымен танысты және оларды анықтау мақсатында антропометриялық деректерді өлшеу, яғни бойы, салмағы, дене салмағының индексі, қандағы глюкоза мен холестерин деңгейін анықтау, қан қысымының деңгейі, спирометр, пикфлоуметр көмегімен тыныс алу жүйесінің қызметін бағалау арқылы профилактикалық зерттеуден өтті. Демікпе белгілерін анықтау, ингаляторларды, пикфлоуметрді дұрыс қолдану туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді, бронх демікпесі мен аллер-

гияның алдын алу бойынша буклеттер мен парақшалар таратылды.

Дәрігерлер демікпе белгілеріне жөтел, қырғалдап тыныс алу, енгізу және кеудедегі қысылу сезімі жататынын атап өтті. Бұл белгілер жеңіл де, ауыр да өтуі ықтимал. Олар мезгіл-мезгіл пайда болып отырады. Бронх демікпесі ауыр болғанымен, дұрыс ем-шаралар арқылы оның белгілерін тұрақты бақылауға болады. Мамандар ауру белгілері пайда болған науқастарға өзін-өзі емдеумен айналыспай, кәсіби маман көмегіне жүгінуі керектігін айтады.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**





# «ШАРАПАТ» ШУАҒЫ ЖҮРЕК ЖЫЛЫТАДЫ

Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы – бұл тәжірибесі мол, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға күтім бойынша сапалы және кешенді қызмет көрсетуші мемлекеттік мекеме.

## Айгүл УАИС

Орталықта зейнет жасына жеткен, I және II топтағы мүгедектер мен басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж жалғызбасты адамдар тұрады. Мекеме 1989 жылы құрылған, ал 2007 жылдан бастап Көктал-1 тұрғын алабы, Аққорған көшесі, 2 мекенжайына орналасты. Аумағы – 4,5254 га, жалпы тұрғын ауданы 26136,6 ш.м алып жатқан орталық – инфрақұрылымы дамыған кішігірім қалашық. Мұндағы тұрғын үй ғимараты бес блоктан тұрады, оның төртеуі тұрғындардың пайдалануында болса, бесіншісінде әкімшілік орналасқан. 250 орындық кең және жайлы асхана, шаштараз, заманауи автоматты кір жуғыш машиналармен және үгіктеу тақтасымен жабдықталған кір жуатын бөлме, бассейні бар сауна, бөлек жылыту қазандығы,

тік қызмет көрсетіліп, қазіргі күнде госпитальде ем алуда. Мұнда қарттар бір-екі орындық бөлмеде жатады. Әрқайсысы тұрмысқа қажетті заттармен жабдықталған. Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы пандус пен лифт, тағы басқа көмекші құралдар қарастырылған. Әрбір қабатта электр плитасымен жабдықталған қонақ бөлмелері, туыстары

лығы нашарлаған қарттарға ем-домын жасайтын интенсивті терапиямен қамтамасыз етуге қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған палиативтік көмек бөлімі жұмыс істейді.

Шамасы келгенше қол қусырып қарап отырмай, арнаулы әлеуметтік еңбекке араласатындардың саны жеткілікті. Күн сайын түске дейін сәндік-қолданбалы өнеріне икемі



студиясы (бейіндік және әлеуметтік жоба), үй жинау, тағы басқа тірліктердің ортасында белсенді қарттар жүреді.

Қарттарға қамқорлықтың бір саласы – әлеуметтік-мәдени қызметтер. Орталықтың жоспарланған барлық мәдени іс-шарасы: концерт, спорттық іс-шара, экскурсия, циркке бару, мейрамханаға қонаққа апару болсын үлкен мерекедей өтіп, қарттар бір серпіліп қалады. Мұнда қызмет алушылардың туған күні, басқа мерекелері елеусіз қалмайды. Аптасына бір рет дискотека, фильм көрсетіліп, «Үміт» және «Ностальгия» вокалдық тобында репетициялар тұрақты жүргізіледі. Жыл бойы қызмет алушылар мен қызметкерлерге жеке концерт беру дәстүрге айналды.

## Темірғали СЕЙФУЛЛИН, психолог:

«Бұл жерде 2018 жылдан бері қызмет етемін. Психологтың жұмысы, жалпақ тілмен айтқанда, егер дәрігер адам тәнін емдесе, психолог жантанушы маман ретінде қариялардың жанын емдейді. Өте күрделі қызмет. Әртүрлі адам, тағдырдың салуымен өзіне бейтаныс адамдармен бірге өмір сүріп жатыр. Әрқайсысына жеке дара көңіл бөліп, өзгеше көзқараспен жұмыс істеу керек. Орталықта эмоционалдық жағдайды тұрақтандыруға көмектесетін және қарттардың психикалық, физикалық денсаулығын жақсартуға бағытталған кез келген іс-шаралардың тиімділігін арттыруға көмектесетін сенсорлық аппаратурасы бар психологиялық жеңілдікке арналған сенсорлық бөлме бар. Арт-терапия контекстіндегі құм терапиясы – бұл қызмет алушының шығармашылық өзін-өзі көрсетуіне басты назар аударылатын вербалды емес нысан. Көрілердің көз жанары сөне бастағанда, түрлі жарықпен әдіптелген суреттер арқылы көз жанарын оятатын амал бар. Ол да қажет. Адамның ішкі реніші бас көтертпей, қиындықтарға мойып, алдынан жарық көрмей кеткен кездері өздерін күрт тастап жібереді. Айналаға бейжай қарап, өмір сүруге деген ықыласы кемиді. Қиыншылық қысқанда құм терапиясы, түрлі



хош иістермен тынықтыру да жақсы әсер етеді. Адамдардың миы тынығып, жүрегі жылып, айналасына мейірімі оянады. Өткен өміріндегі көңілсіз жайттарды ұмыттырады. Көңіл күйі көтерілгенде жаны жай табады. Жеке психологиялық кеңес беру, күнделікті әңгімелесу, қарым-қатынас жасау, тыңдау, ынталандыру, белсенділікке ынталандыру, өміршеңдігін психологиялық қолдау қызмет алушылардың психикалық денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Психологиялық тренингтер белсенді психологиялық әсер ету және жаңа ұжымға бейімделу, топтың эмансипациясы және жаңа ұжымға қызығушылықтың көрінісі ретінде жүргізіледі. «Жақсы қарым-қатынас», «Маған сен», «Стресс пен шаршаудан арыламыз», «Біз біргеміз», «Дастархан басындағы қарым-қатынас», «Жұмыс орнындағы шиеленісті эмоционалды атмосфераға қалай болдырмау керек?» сияқты тренингтер өткізіп, жаңа орында жаңаша өмір сүрудің ережесін түсіндіріп, жаңа қарым-қатынасқа машықтандырамыз».

Мұнда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында және заңдық маңызы бар әртүрлі қржатты дайындауға байланысты

мәселелер бойынша заңгерлік кеңес беруді мекеменің заңгері жүзеге асырады. Қарттар мен мүгедектерге әртүрлі қызмет түрі бойынша жеңілдіктер беру, мұрагерлік құжаттарын реттеу, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына қатысты мәселелер қарттардың өмірін айналып өтпейді. Сол себепті қарттардың заң тұрғысындағы құқығы жақсы қорғалған.

Мекеме қызметінің басым бағыты – осында тұратын адамдардың қажеттілігін толық қамтамасыз ету, арнаулы әлеуметтік қызмет сапасын үнемі жақсарту және қызмет алушылардың әлеуметтік бейімделуін арттыру. Қарттар толық немесе жартылай қозғалу, өзіне қызмет көрсету қабілетінен айырбығандардың тұрақты және уақытша тұруына барлық жағдай жасалған. Осының нәтижесінде қолданыстағы стандарттар мен көлемдерге сай жартылай немесе толық өз-өзіне қызмет көрсетуден қалған және ұдайы басқа адамның күтіміне мұқтаж адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету, жасы мен денсаулық жағдайына қарап олардың тұлғалық дамуына, қоғамдағы өмірге ықпалдасуына бағытталған тұрмыс жағдайын жасау жоғары деңгейде деп айтуға негіз бар.



автокөлік гаражы, ғұрыптық үйден тұрады.

Орталық қызметкерлері Астана қаласының 901 тұрғынына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді, оның ішінде 341 қызмет алушы стационарлық жағдайда, 560 қызмет алушы үйден қатынап, тиісті қызмет алады. Тұрғындардың алды 98 жасқа келді. Ұлы Отан соғысының ардагері Раиса Егоровнаға арнайы әлеумет-

мен қонақтарын қабылдауға арналған бөлмелерге әдемі әрі қолайлы жиһаздар қойылған. Мұнда қызмет алушылар бос уақытын өткізеді. Қонақ бөлмелерде қалаға тікелей байланысатын телефондар арқылы қариялар туған-туысының хабарын біліп отырады. Негізі, қарттардың қалауына қарай туыстары үш күннен үш айға дейін алып кетіп, ағайыншылап келуіне рұқсат етілген. Денсау-

бар 20 шақты адамға – тігін шеберханасында «Елорданың эко-сөмкелері» атты әлеуметтік жобасымен сөмке тігетіндерге жағдай жасалған. 30-дан астам қолөнерші пайдалы іспен айналысып, уақытын тиімді өткізеді. Ашық еңбек терапиясы, гүл өсіру, бау-бақша, жылыжайға қарайтын қариялар да тәжірибесімен бөлісіп, наурыздан қазанға дейін осы жұмыстардан қол үзбейді. Одан бөлек, баспа





6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ 2»
0:25 Ночной кинотеатр. «СОБОР»
2:40 «KOREMIZ» бағдарламасы
3:50 «П@УТИНА» бағдарламасы

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ЖАТ ТҰЫСТАР», отандық телехикая.
8:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:20 «БЫЛО ДЕЛО»
10:20 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ», мелодрама
11:20 «УКУС ВОЛЧИЦЫ»
13:45 «МАРУСЯ», мелодрама (повтор)
15:35 «ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ»
18:35 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ».
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», ток-шоу.
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.
23:50 «УКУС ВОЛЧИЦЫ»
2:10 «СЕРДЦЕ МАТЕРИ»
2:55 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
3:40 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ» (қайталау)
4:25 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ. КҮНДЕ» (қайталау)
5:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 Time Vine
08:30 TikTok show
09:00 Мультсериал «Команда «Мстители»
09:30 «Добро пожаловать в рай!»
12:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
15:10 TikTok show
15:40 «Похищение»
17:40 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм в боевике «Двойной удар»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Слезы солнца»
23:40 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
02:00 «31 эзіл»
02:20 Time Vine
02:40 TikTok show
03:00 What's up?
03:30 Әзіл студия
03:50 1001 эзіл
04:00 «Қырсық ханзада» телехикаясы

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым
6:20 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКЯЯ»
8:00 «Әзіл әлемі». Ерболат Төлегенов (Шімән апа)
10:00 «Алданған әйел» телехикая
12:00 «Вангелия», телесериал
14:00 «Брак по завещанию. Танцы на углях». Телесериал
15:00 «БІЗБЕН БІРГЕ». Телехикая
16:00 «Әзіл әлемі»
17:40 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» телехикая
19:30 «ВАНГЕЛИЯ», телесериал
21:30 «НИТИ СУДЬБЫ», телесериал
23:30 Әзіл MAN
0:30 «Махаббат, қызық хикая»
2:30 «Бастық боламын»
3:50 «Тойіке»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «КҮНГ-ФУ ПАНДА» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (travel-шоу)
11.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
17.50 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
19.30 ШОУ «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ОХОТНИК НА МОИСТРОВ»
22.20 «ТЕБЯ ЗДЕСЬ НЕ БЫЛО»
01.00 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
01.15 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.)

02.05 «Қызық Live» (каз.)
02.45 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА 17 МАМЫР

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм.
7:00 «TAKSHOIRAN»
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
10:12 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Технократтар талқысы»
16:05 «Қанатсыз құстар». Телехикая.
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ӘСКЕРИ АНТ». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «Жарқын жүздесу»
0:00 «РАКАСАТ МАЙДАНУ»
1:10 «Ашық алаң».
2:00 «Санак»
3:05 «Тату-тәтті». Реалити шоу

5:00 Телехикая. «Паленшеевтер»
7:00 Тикелей эфирде «Оан!»
10:00 «Мадени бағдар»
10:20 Мультсериал. «Монсики»
12:00 Телехикая. «Тағдырға сен 2»
14:00 Телехикая. «Қарлығаш уя салғанда»
15:00 Телехикая. «Ұлболсын»
16:00 Телесериал. «Науци меня жить»
18:00 Новости
18:25 Ток-шоу. Итоги
19:00 Жаңалықтар
19:25 Ток-шоу. Талқы
20:00 Телехикая. «Тағдырға сен 2»
21:45 Телехикая. «Ұлболсын»
22:30 «Национальный интерес»
23:15 «Хатико: Самый верный друг»

06.20 «Ене» үнді телехикаясы
07.15 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Жарық сәулесі» телехикаясы
11.20 «Прямая связь»
11.40 «Эксперимент»
12.05 «Қоғам назарында»
12.30 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
14.00 «Қанарман» телесериал
15.25 «Если бы» индийское кино
18.10 «Искушение» телесериал
20.00 «AstanaTimes»
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23.30 «Шаньян ханшайым» телехикаясы
00.25 «Робин Гуд: принц воров» к/ф

6:00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:15 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KOREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»
20:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22:00 «ДОКТОР СМЕРТЬ»
2:55 «KOREMIZ» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:55 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы

21:40 «МАРУСЯ», мелодрама.
2:00 «ИГРЫ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ВОЗРАСТА»
2:50 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
3:35 «ЖАТ ТҰЫСТАР»
5:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (рус/каз)
08:00 TikTok show
08:30 Time Vine
09:00 Мультсериал «Команда «Мстители»
09:30 «Двойной удар»
12:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
15:00 «Опасные пассажиры поезда 123»
17:20 «Слезы солнца»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Карата-пацан»
00:00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
02:20 Time Vine
02:40 TikTok show
03:00 What's up?
03:30 Әзіл студия
03:50 1001 эзіл
04:00 «Қырсық ханзада» телехикаясы

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым
6:20 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКЯЯ»
8:00 «Әзіл әлемі»
10:00 «Алданған әйел» телехикая
12:00 «Вангелия», телесериал
14:00 «Брак по завещанию. Танцы на углях». Телесериал
15:00 «БІЗБЕН БІРГЕ». Телехикая
16:00 «Жұлдыздар шеруі». Түрсынбек Қабатов
17:40 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» телехикая
19:30 «ВАНГЕЛИЯ», телесериал
21:30 «НИТИ СУДЬБЫ», телесериал
23:30 Әзіл MAN
0:30 «Махаббат, қызық хикая»
2:30 «Бастық боламын»
3:50 «Тойіке»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.30 «КҮНГ-ФУ ПАНДА» (мультсериал)
10.00 «МИР НАИЗНАНКУ 6» (travel-шоу)
11.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
16.00 Телехикая «МЕЗГІЛСІЗ СЕЗІМ»
17.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
17.35 «OZMZ GOY» (каз.)
18.00 «Y-NIGHT SHOW» (каз.)
19.00 ШОУ «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
20.00 «БОЕЦ БЕЗ ПРАВИЛ»
21.40 «ЗЕМЛЯ. ПЕРЕЗАГРУЗКА»
23.50 «ПРОЧЬ ИЗ МОЕГО ДОМА»
01.50 «OZMZ GOY» (каз.)
02.10 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.)
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ 18 МАМЫР

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «Зиньар»
7:45 «Алтын қақпа». Лингвистикалық шоу
8:30 «ШАҢЫРАҚ»
9:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тикелей эфир
10:00 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:00 «Жан досым». Сейдола Байтөреқовті өскен алу кеші
13:20 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
15:00 «Кашпендилер». Керемет фильм («Қазақфильм», 2005 ж.)
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
17:40 «Көңіл толқыны»
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». Музыкалық ойын-сауықтық шоу.
21:45 «Мұқағали. Бұл гасырдан емеспі...». Телехикая.
23:30 «Жарқын жүздесу»
1:05 «Теледәрігер»
1:55 «Әлем және біз»
2:15 «Тату-тәтті». Реалити шоу
3:45 «Шаңырақ»

5:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «АСЫЛ ҚАЗЫНА»
7:00 «JAN SYRYM» ҚҰРМАШ МАХАН
9:00 «ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ»
9:30 «ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»
10:00 МУЛЬТФИЛЬМ.
11:20 МУЛЬТСЕРИАЛ. «МЕГАМАТО»
12:00 «ХАТИКО: САМЫЙ ВЕРНЫЙ ДРУГ»
14:00 «ХИИ ФАСЫР КӨШБАСШЫСЫ»
15:00 «АЛҒАШҚЫ»
16:00 «КЕЛІНЖАН»
19:00 «БЕС ЖҮЛДЫЗ»
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ «7 КҮН»
21:40 «ШПИОН, КОТОРОГО НЕ БЫЛО»
23:40 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»
0:30 «ӘСЕМ ӨНДЕР»

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.50 «Жұлдызбысың?»
08.10 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.10 «Робин Гуд: принц воров» к/ф
13.20 «Шымкент шоу»
17.05 «Нюхач» телесериал
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23.30 «Jaidarman Nonstop»
00.25 «Tik-Tok хаус 2»

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
8:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:05 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10:00 Многосерийный фильм «ПИТЕР-МОСКВА»
14:20 Многосерийный фильм «ПЕРВОЕ ПРАВИЛО КОРОЛЕВЫ»
18:30 «АЙНА» бағдарламасы
19:00 «ИДЕАЛЬНОЕ УБИЙСТВО»
20:50 Многосерийный фильм «НАСЕДКА»
0:20 Ночной кинотеатр. «СТЕРВА»
2:05 «АЙНА» бағдарламасы
2:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
3:20 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы

7:05 «АЛТЫН ҰЯМ», отандық телехикая
8:50 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
9:30 «ВОСПИТАТЕЛЬНИЦА», мелодрама
14:00 «МАРУСЯ», мелодрама (повтор)
17:50 «ӘНИМ СЕН ЕДІҢ»
18:10 «NURBULLIN», Нұрболат Абдуллиннің ән-кеші
21:00 «ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ-2», мелодрама
1:30 «ВОСПИТАТЕЛЬНИЦА», мелодрама
5:20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:00 «Күліп ALL»
08:30 TikTok show
09:00 Time Vine
09:30 «Готовим с Адель»
10:00 «Алдараспан»
12:00 «Келинка тоже человек»
14:10 «Карата-пацан»
17:20 Анимационный фильм «Рио 2»
19:30 «Джон Картер»
22:20 «Мстители: Эра Альтрона»
01:20 «31 эзіл»
01:50 «Bizdin show»
03:10 What's up?
04:00 Әзіл студия
04:00 1001 эзіл
04:10 BALA BATTLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым
6:20 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКЯЯ»
8:00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
10:00 «Алданған әйел» телехикая
12:00 «Ни слова о любви» телесериал
16:00 «SUPER BOL» 3-выпуск
16:30 «Нүшіміз – бірлікте»
17:00 «Юмор»
17:40 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» телехикая
19:30 «Тайная жизнь Маргариты»
23:30 «Махаббат, қызық хикая»
1:30 «Бастық боламын»
2:50 «Тойіке»

07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.40 Телехикая «Қағаз кеме» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.00 «МЕСТЬ ПУШИСТЫХ» (семейное фэнтези, Брендан Фрейзер, Брук Шилдс)
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
15.00 «ГАДКИЙ Я З» (анимационный фильм)
16.50 «ДЖЕК – ПОКОРИТЕЛЬ ВЕЛИКАНОВ» (семейное фэнтези, Николас Холт, Ээн МакГрегор)
19.50 «ФОРСАЖ 6» (боевик, Пол Уокер, Вин Дизель, Дуган Джонсон, Люк Эванс)
22.20 «ВЕЛИКИЙ УРАВНИТЕЛЬ 2» (боевик, Дензел Вашингтон, Педро Паскаль)
01.10 «МАКСИМИЛИАН» (боевик, Вернард Аддамс)
02.15 Телехикая «Қағаз кеме» (каз.)
03.00 «ТАВОО» (каз.)
04.30-05.00 «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ 19 МАМЫР

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм.
6:30 «Шаңырақ»
7:00 «Дәуір даналары»
7:45 «Алтын қақпа». Лингвистикалық шоу
8:30 «Көңіл толқыны»
9:35 «АҚСАУЫТ»
10:00 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:00 «Егіз лебіз».
14:00 «Әзіл әлемі»
15:30 «Жыр – менің планетам».
17:05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ»
18:00 «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». Телехикая.
20:00 «АПТА».
20:50 «АҚОРДА»
21:00 «Көңіл толқыны»
21:45 «Мұқағали. Бұл гасырдан емеспі...». Телехикая.
23:30 «Жарқын жүздесу»
0:00 «Qazaqstan дауысы»
2:30 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
3:20 «Ақорда»
3:30 «Ақсауыт»
3:55 «Күміс көмей»

5:00 Телевикторина. «Асыл қазына»
7:30 Концерт. «Жүректің көктемі» Нұрлан Әнербаев
9:30 Деректі фильм. «Қазақ елі»
10:00 Мультфильм. «Семейна бигфутов»
11:20 Мультсериал. «Мегамато»
12:00 «Шпион, которого не было»
14:00 «Әке көргені»
14:45 «Бес жұлдыз»
16:30 Телехикая марафоны. «Келінжан»
19:30 «Қызық times»
21:00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21:40 Специальный репортаж. «Возвращенные активы – на благо Казахстана»
22:10 Мелодрама. «Письма к Джульетте»
0:10 «Әке бақыты»

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06.50 «Жұлдызбысың?»
08.10 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
10.00 «Если бы» индийское кино
12.40 «Зу-зу Күлпаш»
13.45 «Алдараспан»
18.20 «Ангел-хранитель» телесериал
21.00 «Осман 5» түрік телехикаясы
21.55 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
23.30 «Нюхач» телесериал

6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
8:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:30 «ИЗБАВИ НАС ОТ ЛУКАВОГО» (детективный триллер, Эрик Бана, Эдгар Рамирес)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
03.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

20:45 Многосерийный фильм «НЕ ХОЧУ ТЕБЯ ТЕРЯТЬ»
0:20 Премьера. «ТРИ АККОРДА»
2:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:45 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы

7:05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
9:00 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа
11:35 «ОСКОЛКИ СЧАСТЬЯ-2», мелодрама (повтор)
16:05 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБВИ», мелодрама
20:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», музыкалық халықтық-шоу.
21:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!»
22:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
23:00 «ТОМУ, ЧТО БЫЛО – НЕ БЫВАТЬ», мелодрама
1:15 «ТРИ ЦВЕТА ЛЮБВИ», мелодрама (повтор)
4:40 «ӘН МЕН ӘНШІ» (қайталау)

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:00 «Күліп ALL»
09:00 TikTok show
09:30 «Готовим с Адель» (повтор)
10:00 «TeleBingo» прямой эфир
10:25 КИНО. Асель Садуақасова в комедии «Келинка тоже человек»
12:35 Анимационный фильм «Рио 2»
14:45 КИНО. Тейлор Китч в фантастическом боевике «Джон Картер»
17:50 КИНО. Роберт Дауни мл., Крис Хемсворт в фантастическом боевике «Мстители: Эра Альтрона»
20:50 КИНО. Райан Рейнольдс в боевике «Технократтар талқысы»
23:30 КИНО. Крис Пайн в фантастическом боевике «Стартрек: Бесконечность»
01:40 «31 эзіл»
02:10 Ризамын
03:00 Time Vine
03:30 TikTok show
04:00 1001 эзіл
04:30 BALA BATTLE
05:00 What's up?
05:20 Әзіл студия

6:00 Әнұран
6:02 «Q-елі» 3-маусым
6:20 «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ ХИКЯЯ»
8:00 «Юмор! Юмор! Юмор!»
10:00 «Алданған әйел» телехикая
12:00 «Тайная жизнь Маргариты» телесериал
16:00 «Юмор»
17:40 «АЛДАНҒАН ӘЙЕЛ» телехикая
19:40 «Другая Я» телесериал
23:40 «Махаббат, қызық хикая»
1:40 «Бастық боламын»
3:00 «Тойіке»

07.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
07.40 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
08.30 «INSTA LIKE» (каз.)
09.00 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
09.30 «ПУШИСТЫЕ ИОШЕННИКИ» (анимационный фильм)
11.10 «ГАДКИЙ Я З» (анимационный фильм)
13.10 «ГОУ, ФЕЛИКС!» (анимационный фильм)
15.00 «ФОРСАЖ 6» (боевик, Пол Уокер, Вин Дизель, Дуган Джонсон, Люк Эванс)
18.00 «ВЕЛИКИЙ УРАВНИТЕЛЬ 2» (боевик, Дензел Вашингтон, Педро Паскаль)
20.30 «УЦЕЛЕНШИЙ» (боевик, Джони Стронг, Тодд Дженкинс, Радж Кала)
23.00 «ИЗБАВИ НАС ОТ ЛУКАВОГО» (детективный триллер, Эрик Бана, Эдгар Рамирес)
02.00 «Қызық Live» (каз.)
02.40 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
03.00 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (каз.)
04.00 «INSTA TV» (каз.)
04.20-05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БАСПАСӨЗ-2024
ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!
ASTANA AQSHAMY
«ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

## ОТАНШЫЛДЫҚ ТУЫНДЫЛАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымдары Отан қорғаушылар күніне және Жеңіс күніне орай бірқатар іс-шара өткізді. Филармонияның концерт залында «Отан деп соққан жүректер» атты мерекелік концерт өтті.



Концертке қатысушылар музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігін көрсетіп, ән шырқап, би биледі. Атап айтқанда, филармония әншілері Алтынбек Әбілда, Жандос Иманбай, Алтыншаш

Мұқатаева, Парасат Отан, Қымбат Жамбылбек, Айдын Жұмабай, Мұратбек Хайролда, Бауыржан Тұрғымбаев, Ұлттық ұланның ән-би ансамблі, «Алем» заманауи хореография балеті

және «Жас сарбаз» балалар шеберлік студиясы өнер көрсетті.

Есіл өзені жағалауындағы жаяу жүргіншілерге арналған көшеде Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрінің шеруі өтті.

Қалыптасқан дәстүр бойынша тұрғындар көп жиналатын елорданың орталық саябағында музыканттар қала тұрғындары мен қонақтарын Жеңіс күнімен құттықтап, өнер көрсетті. Кеңесары хан ескерткішінен басталып, орталық саябақтың «Амфитеатр» аумағына дейін жалғасқан шеру барысында баршаға таныс әрі сүйікті шығармалар орындалды.

Астаналық филармонияның үрлемелі аспаптар оркестрі мен «Астана жастары» мекемесінің жастары «Red bus» экскурсиялық екі қабатты автобуспен Ұлы Отан соғысының ардагерлері тұратын мекенжайларға барды. Ерекше форматтағы бұл іс-шарада майдангерлер алдында әскери-патриоттық туындылар мен соғыс жылдарындағы әндер орындалды.

## «АРБАТТАҒЫ» МЕРЕКЕ

Астананың «Арбатында» елорданың Сарыарқа ауданының әкімдігі Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік концерт ұйымдастырды.

Жиналғандар алдында «Қамажай» би тобымен бірге «Әжелер шаңырақ» этномәдени ансамблі өнер көрсетті. Келушілер концертте қазақ халқының «Бүлдірген», «Сәулем-ай», «Дедім-ай-ау», «Смуглянка», «Катюша», «Ах, Самара-городок», т. б. әндер тыңдады.

«Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының өнерпаздары лезгинка биін биледі. Астана қаласы Полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері патриоттық әндерді шырқалды. Іс-шара аясында полиция ардагерлері Сарыарқа аудандық полиция басқармасының атынан марапатталып, патриоттық бейнероликтер көрсетілді.



## ӘСКЕРИ ОРКЕСТР ӨНЕРІ

Астананың Үркер тұрғын алабында Жеңіс күніне орай мерекелік концерт өтіп, сарбаз ботқасы таратылды. Іс-шараны елорданың Нұра ауданының әкімдігі мен аталмыш елді мекенде орналасқан №5573 әскери бөлімі ұйымдастырды.



Әскери оркестр танымал шығармаларды ұсынды. Концерттік бағдарлама елдің әнұранынан басталды. Ал патриоттық әндерді Ұлттық ұлан сарбаздары мен халық ансамбльдері орындады. Концерт аяқталғаннан кейін қонақтар сарбаз ботқасынан дәм татты.

Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Орталық әскери оркестрі елорданың орталық саябағында өнер көрсетіп, қала тұрғындары мен қонақтарын Отан қорғаушылар күнімен және Жеңіс күнімен құттықтады. Аталмыш оркестр құрамында 34 адам бар. ҚР Қарулы күштерінің бас әскери дирижері, подполковник Алмас Ибрагимовтің айтуынша, мұндай жиындар қала тұрғындарының патриоттық сезімін оятады. Әскери оркестр осындай іс-шараларға 2-3 аптадан бастап 2-3 айға дейін дайындалады. Бұл уақыт орындайтын композицияның күрделілігіне байланысты болады. Оркестр құрамына қабылдану үшін кем дегенде орта музыкалық білім болып, үрлемелі немесе соқпалы аспаптарда ойнай алуы керек.



## КҮЙ МЕН ЖЫР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Астанада Алматы ауданының құрылғанына 26 жыл қарсаңында VIII «Күй мен жырдың жәрмеңкесі» атты мәдени-рухани іс-шара өтті. Іс-шара Құрманғазының шәкірті, «Күй анасы» атанған Дина Нұрпейісованың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды.

– Күй мен жыр өнері – қазақ халқының тарихы мен рухани байлығының ең киелі де қасиетті түрі. Ғасырлар бойы дамып жеткен бұл өнер – бүгінде ұлттық мәдени құндылығымыздың бірі. Оны жастарға жеткізіп, насихаттау – республикалық «Күй анасы» қорының басым бағытының бірі. Қор елордада «Күйшілер» аллеясының ашылуына, Дина Нұрпейісова ескерткіші мен домбыра инсталляциясының қойылуына бастамашы болды. Д.Нұрпейісованың орындауында 24 күй QR-кодқа түсіріліп, күйші жайлы жинақ жарық көрді, – деді «Күй анасы» қорының басшысы Төлеген Қуанышев.

Күй мен жыр жәрмеңкесінде Алматы ауданының ардагерлер хоры әннен шашу шашса, Амангелді Әшіров ақсақал көпшілікке ақ батасын берді.

Жыл сайын дәстүр бойынша атасы немересіне немесе әкесі баласына халқымыздың ұлттық аспабы – домбыраны бата беріп, табыс етеді. Осы жолы медицина қызметкері, жеті баланың анасы Айнұр Бұлғынхан мен кенже баласы Мәди Бұлғынханға білім саласының үздігі, ардагер ұстаз Қажымұрат Нәсіұлы аталық тілегін айтып, домбыра сыйлады. «Дарын» домбырашылар ансамблі және қалалық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары күй тартып, жырларды орындады. Сондай-ақ «Жасыл ел» бағдарламасы аясында «Күйшілер» аллеясында ағаш отырғызу рәсімі өтті. Айта кетейік, көрермендер арасында да күй тарту сайысы өтіп, жеңімпаздарға үкілі домбыра мен «Күй анасы» жинақ кітабы табыс етілді.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ПАРАВОЛЕЙБОЛШЫЛАР БӘСЕКЕСІ

Жеңіс күніне орай отырып ойнайтын волейболдан Астана қаласының турнирі өтті. Жарысқа 4 команда қатысты.

Соңғы жылдары елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың арасында отырып ойнау волейболы қарқынды дамып келеді. Оның бір дәлелі, 2023 жылы Астана қаласында өткен Пара Азия чемпионатында Қазақстан ұлттық құрамасы, араға 28 жыл салып, Париж Паралимпиадасына қатысуға мүмкіндік алды.

Елордада осы спорт түрінің дамып жатқанына 7 жылдан астам уақыт өтті. Қазіргі уақытта ерлер, әйелдер, жастар, ардагерлер командалары бар.

Өткен жылы ерлер құрамасы Тараз

қаласында өткен Қазақстан кубогында топ жарса, әйелдер құрамасы тек Астана қаласында ғана құрылған. Олар былтыр бірінші рет Пара Азия чемпионатына қатысып, 7-орынға тұрақтады. Ардагерлер командасы да Қазақстанда ТОП-3-ке кіреді.

Қазіргі Астана қаласында 40-қа жуық кәсіби параволейболшы бар. 24-31 мамыр күндері елордада Қазақстан чемпионатының бірінші туры басталады. Аталмыш турнир сол біріншілікке дайындық есебінде ұйымдастырылды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №56

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Индира БЕРЖАНОВА**